körükleyerek onları birbirine düşürdüler. Akabinde Mart 1924'te Taşkent'te toplanan Türkistan Birlik Komitesi'ni provoke ederek tatsızlık çıkarttılar. Bunun üzerine Türk boylarını temsilen söz konusu Komünist partiler hep birlikte Rus Komünist partisine başvurarak ayrı cumhuriyetler halinde yaşamak istediklerini bildirdiler cümleleriyle dile getirir [3, s. 5]. Buradan hareketle diyebiliriz ki Türkistan coğrafyasının çeşitli politika ve planlarla parçalanması ve insanların kışkırtılarak birbirine düşürülmesi hikâyede geçen bu ifadelerle de açıkça ortaya konmaktadır.

Kahraman sürekli gözetlendiğini düşünür; bu takip ve güvensizlik duygusu onun aklını sürekli meşgul eder. Hikâyede *..ayaklarını dinlendiriyor, fakat birkaç dakika sonra takip edildiği duygusu onu rahatsız ediyor, tıpkı biri onu bekliyormuş gibi yattığı yerden sıçrayıp kalkıyor ve hızla sokağı terk ediyor, başını alıp sakin sokaklara doğru çekip gidiyordu.* ifadelerinde yer alan bu durumun sebebi Rusların uyguladığı takip usulü ve bunun etkisi olmalıdır. Bu durum, Karabulut'un *Foucault'nun, iktidar kendine bir hapisane kurar ve her şeyi tek merkezden denetlemek için hücreleri daire biçiminde kurgular ve böylece mahkûmları denetler, yönlendirir, onlarda gözetlendikleri ve yanlış yaptıklarında cezalandırılacakları hissi uyandırır* [10, s. 87] şeklindeki sözlerinde kesin ifadesini bulmaktadır. Kahraman tam olarak bu psikolojiyle hareket etmektedir. Rusların uyguladığı bu politika insanların hiçbir şey yapmasa da gözetlendiği hissine kapılmalarına sebep olmakta ve bu yolla kontrol yöntemini kurmamaktadır. Bu durumun hikâyedeki kahramanın psikolojisine derinden işlediğini görüyoruz.

Düşmanlar gündün güne çoğalıyordu. Neşeli kalabalıklar arasındaki kişiler ona hep yabancıydı. *Düşmanlar neşeli şekilde bağırıyor, her an her dakika alkışlarla inliyorlardı. "Ne kadar çok bunlar" diye düşündü* (İstilâ: 4). Düşmanların çok olması kişilerin Ruslaştırılması yanında uygulanan 'yerleştirme' politikasıdır. Orta Asya'da birçok Slav ve Rus topluluğu Türk topraklarına yerleştirilmiş, böylece Türkler kendi topraklarında azınlık olarak yaşamak durumunda kalmışlardır. Bunun en büyük kanıtı Hayit'in 1975 yılındaki makalesinde verdiği rakamlardır: *... bütün nüfusun % 60'dan fazlasını Ruslar ve başka Slav halkları teşkil eder. Türkler ise ancak nüfusun % 30'u kadardır* [5, s. 92]. Hikâyedeki bu kısım da tam ifadesiyle bunu vurgulamaktadır. Gözlemlenen kalabalıkların içinde kendinden insanlar olsa bile kahramanın gözünde asimile olmuş herkes artık düşmandır.

Kalabalığın çokluğu ve gürültüsü kahramanı kahreder. O, kalabalıklar arasında bile kendini yapayalnız hisseder. Onun gözünün

önünde birdenbire bir çukur peyda olur. Hikâyede kalabalığın gözünün önünde *Bu çukur büyüktü, durup da baktığında çukurun ta dibinde güneş gibi parlayan alevleri, yalınları görmek mümkündü* (İstilâ: 4) şeklinde ifade bulan böyle bir çukurun belirmesini ve çukurun içinde ateşin görülmesini, milletin içinde bulunduğu durumun betimlenmesi olarak yorumlayabiliriz. Hikâyede, Türk halkının milli çizgisinden uzaklaştırıldığı, görünmez bir çukura çekildiği; geleceği ve milli değerlerinin yakılarak yok edildiği sezdirilmektedir.

Hikâyede konuşmaya pek rastlanmaz. Genellikle kahramanı gözlemleyen tanrısal bakış onun hislerini bize aktarır, fakat eserin birkaç yerinde kahraman samimi duygularla konuşturulur: *Ne kadar bahıtydım. Huzurlu şekilde yaşıyordum, hiç kimseye kötülük de yapmadım. Eli açık biriydim. Dostlarım çoktu. Nerede onlar!?* O, geçmişteki yaşamına ve sevdiklerine çok fazla özlem duymaktadır. Ama kimseye kötülük yapmamasına rağmen hepsini kaybetmiştir. Sefil bir yaşam sürmekte ve bunun nedenini bulmak için kaderini sorgulamaktadır. Aslında çoğu sıkıntının nedeni o ya da sevdikleri değildir. Kendisi dışındaki herkesin düşmanların sözlerine kanarak onlardan biri olmasıdır.

Hikâyede okuyucuya mesaj gönderen pasajlardan biri, kahraman koltuğun altına gizlendiğinde, koltuğun üzerine oturan ve kahramanın 'düşmanın avukatları' olarak nitelendirdiği iki kişi arasında geçen diyalogtur: *Ben şahsen katliama karşıyım. Bugünkü medenî dünya insancıl sistemi beğeniyor. İnsancıl olmak bütün gayelerin buradan hareketle bizim de dayanağımızdı* (İstilâ: 6).

Ruslar, diğer topluluklar üzerinde hâkimiyet kurmak için başlangıçta insancıl bir tavırla 'yerelleşme' politikasını destekleyerek insanları boy boy ayırmış, onları bir arada tutup yönetebilmek adına da eşitlik ilkesinden bahsetmiş, parçalama gerçekleşene kadar her birinin kendi kültürünü yaşamasına izin vermiş gibi görünmüştür. Bu yüzden halk fırsat olarak sunulduğu sanılan imkânlarla memnun ediliyor gibi görünse de işin sonunda insanların millî duyguları yok edilmiş ve emekleri sömürülmüştür. Özel, bu durumu *Sovyet sınırları içerisinde yaşayan tüm milletlerin kardeşliğinin hedeflendiği açıklanmıştır. Fakat bu sözler ütöpik bir hedef olmaktan ileri gidememiş, 1920 yıllarından itibaren Sovyetlerde homo-Sovyeticus yaratma çabaları başlamıştır* [13, s. 99] cümleleriyle özetlemektedir. Bu ifadelere uygun olarak hikâyedeki tipler Rus yönetimi lehine konuşmakta, istilâdan sonra siyasî hedeflerin süslü ve üstü kapalı şekilde halka sunulmasını amaçlamakta, asıl gayenin farklı olduğunu yukarıdaki sözleriyle ortaya koymaktadırlar.

Konuşmada geçen diğer bir önemli yer ise halkın kontrolü konusudur: *...kontrol sorumluluğu arttırmak için gereklidir. Kısacası bir vatandaş ikinci vatandaşı takip eder yani kontrol eder, ikincisinin üçüncüsünü takip edişi hâkimiyetin tehlikeli olduğu fitne ve saldırganlığın önünü almak içindir. Eğer hâkimiyetin tüm bireyleri işte bu yönetim usulüne katılırsa o çok güçlü bir hâkimiyete sahip olur. Çünkü hâkimiyet birbirini kontrol eden halkın kendini yönetmesidir. Güvensizliğin var olduğu yerde bu yönetim güçlü olur* (İstilâ: 6). Bu kontrol usulüyle Rusların amaçladığı şey, halkı bölmek ve birbirine düşürmektir. Bu sistem halk arasında güvensizlik ortamı yaratacaktır. Korkusundan kimse bir şey konuşamaz hale gelecek, kendi duygu ve düşüncelerini saklayarak yetiştirdiği gelecek nesiller de kendine de kendi idaresine de hâkim olamayacaktır. Karabulut, *..sadece kolhoz ağaları değil, komşu komşuyu, aile bireyleri birbirini ispiyonlama eğilimine girmiştir.... En önemlisi de halkın milli kimlik ve kültür konusunda konuşması, tartışması ve genç nesilleri uyandırması neredeyse imkânsız hale gelmiştir. Bu ise Ruslaştırma adına çok büyük bir etki yapmıştır* [6, s. 623] cümleleriyle yazarın ifadelerini desteklemektedir.

Metinde geçen diğer bir husus ise ‘kanun’ ile ilgilidir. Kanunlar düşmanın avukatlarına göre hiçbir şekilde anlaşılmalı ve normal bir insanın anlayacağından daha karmaşık olmalıdır. Hikayedeki şu sözler bunun açık ifadesidir: *Her şeyi açık olan kanun hükümetin başını yer. Kanun ister anlaşılır ister anlaşılmaz olsun. Kanunun etkisi onun anlaşılmamasındadır. Canlarım, size tavsiyem şu; kanunu hiçbir zaman anlaşılır şekilde yazmayın. Dünya kendi sırlarıyla ilginç; yumruğunuzu gösterin ama içinde ne olduğunu hiçbir zaman bildirmeyin* (İstilâ: 6-7). Kahramanın içinde bulunduğu toplumun kanunları Ruslar tarafından hazırlanmıştır ve ne olduğu hiçbir şekilde anlaşılabilen kurallardır. Kanun, sorumluluk vermesi ve caydırıcılığı ile yaptırımlar sağlayan ve bütün insanlığı ilgilendiren hukukî düzeni ve adaleti sağlar. Kahramanın içinde bulunduğu toplum, bu sistemle kendisinin de bilmediği kurallara karşı daha temkinli olmaya sevk edilmiş ve haksız olma durumunda hakkını arayamayacak kadar karmaşık kurallar düzeninde yaşamak zorunda bırakılmıştır. Bu da Rusların caydırıcı politikalarından biri olarak karşımıza çıkar.

Kahraman bu olayların ardından bir an derin bir uykuya dalar ve rüyasında çocukluğunda şahit olduğu dedesi ve babasının katlini görür. Düşmanların en büyük korkusu çocuklardır. Bu yüzden katliamları seyretmeleri için çocukları en ön sıraya dizerler. Onlar katliam yaparken gözleri sürekli çocukların üzerindedir. Çünkü ileride onlara kafa tutacak

nesil, çocuklardır. Bunun caydırıcı önlemini daha baştan alır ve akıl almaz işkencelerle halka eziyet eder, öldürürler. Özel'in verdiği bilgiler de bu durumu destekler mahiyettedir: '*Tek ülkede sosyalizm' fikrinden hareket eden Stalin, tek ülkede Rus Milliyetçisi politikalar ile milyonlarca insanın öldürülmesine neden olmuştur* [13, s. 119]. Çocuklara karşı uygulanan Rus propagandası, okul kitaplarında da yerini almış, çocuğun erken yaşlarda Rusça öğrenmesi, Rus devletini sevmesi ve Rus liderlerine saygı duyması sağlanmıştır. Karabulut'un verdiği bilgilere göre okullarda *Öncelikle Lenin'in çocukluğu anlatılmakta, onu övücü şiirler sunulmaktadır. Çocuklara örnek olması için yazılmış olan Lenin hikâyeleri, onu bir model olarak yansıtmayı amaçlamaktadır* [10, s. 82].

Bir gün kahramanımız kabirde düşmanlarından saklanırken onlar köpeklerle gelir, kabirleri tek tek deşeyip içlerindeki kemikleri alır, kuduz köpeklerin önüne atarlar. İstilâ o kadar ağır boyuttadır ki düşmanlar ölüye saygı duymamakta, işgal ettikleri toplumun tarihine dair tek bir ize bile katlanamamaktadırlar. Böylelikle onların istedikleri gibi çocuklar, nereden geldiklerini, mezarındaki atalarının isimlerini, sonrasında ise dil, gelenek ve kültürlerini unutup özlerini kaybedeceklerdir.

Kahraman sarayda düşüncelere dalar. Tek başına kalmıştır ve sığınacağı hiç kimsesi yoktur. Aslında bir insanın sıcaklığı ve sevgisine muhtaçtır. O henüz değerlerini kaybetmediği için tek dayanak olarak Allah'a sığınır. Kimi zaman rüyasında Allah'ın huzuruna çıktığı bile olur. Bu, kahramandaki iman duygusunun güçlü olduğunu gösterir. Bir gün şu sitem dolu sözler dilinden dökülür: '*Beni bu dünyada yalnız bırakacaktın, niçin yarattın?*' diye yalvarır, Allah'a sığınır, o yaratıcıdan bir tek seda gelmeyince, boynuna damlayan soğuk gözyaşlarından ürkerek uyanır ve kendini yine kötü kokulu ve kirli sarayda bulurdu (İstilâ: 9-10). Bazen içinde bulunduğu durumu kaldıramaz, bütün yükün omuzlarında olduğunu hisseder ve bu sıkıntıyla Allah'a seslenir, bir cevap bulamayınca kendini yine yollara vurur.

Düşmanlar bütün şehri sardıkları için kokuları her yerden duyulmaktadır. Saraya gelen düşman kokusu onu sinirlendirir. '*Mahlûk' ne kadar korkunçsa koku da bir o kadar kötüydü. Koku onu kudurtuyor, vücudunda vahşi bir ayaklanma baş gösteriyor ve o binlerce yıl kendine bakıp uğuldayan ecdadının sesini işitir gibi oluyordu. Kendisi de sesinin bütün gücüyle harabe sarayında ayağa dikilip kurt gibi ulumaya başlıyor, bu uluyuşta yalnızlık dolu hayatındaki zorlukları, düşmanlara duyduğu sonsuz nefreti de aksettiriyordu* (İstilâ: 10). Buradaki kurt gibi uluma, tek

başına da olsa bir başkaldırı işaretidir. Kurt motifi Türklerde çok önemli olup güç, çoğalma ve ezilmemenin bir sembolüdür. Bu nedenle o ecdadından aldığı güçle haykırmaktadır. Nefretini ortaya koyup haykırırken bir taraftan da atalarına olan özlemi dile getirmektedir.

Tek başına savaşacak gücü kalmamıştır. Yorgundur ve düşman kokusunun sarhoşluğuyla onun da gücü tükenmektedir. Onun da yok olup gideceğini şu anlamlı sözlerde verilen mesajdan anlamaktayız. *Ne kadar acılı olsa da sen kendi ecdadının yarattığı destanın son yapraklarısın, senden sonra bu cümle devam etmeyecek. Tabiatın senin atalarına verdiği hayat mumu işte bu cümleyle birlikte ebediyen sönecek!*

Bir gün yine sokakta dolaşırken bir kadınla karşılaşır. O kadar sevgisizdir ki kadının gözlerindeki sevgiyi görebilmek için ona daha çok yaklaşır. Kadına yıllardır içini dolduran savaşla ilgili her şeyi anlatası ve boynuna sarılıp ağlayası gelir. Kahraman o kadar yalnız ve çaresizdir ki her yer istilâ altındadır, konuşacak hiç kimsesi yoktur ve yıllardır duygularını dökecek bir insana hasrettir. Kadına bu yüzden yaklaşırsa da kadın anlamaz, onu geri iter ve kaçar. Bu savaşın bilincinde olan sadece kendisi kalmıştır. Onu rahatsız eden duygu, bir tek onun içinde çoğalmaktadır. Diğerleri ise asimile olmuş, tantanalı müzikler eşliğinde meydanlarda bayrak sallamaya devam etmektedirler.

Bir müddet sonra nişanlısını katleden düşmanlardan öcünü almak için sokaktan geçen bir çocuğu yakalar. Çocuğun korku dolu bakışlarını görünce kendi çocukluğunu hatırlar. Çocuğun bakışları korku dolu olduğu halde kahraman bu bakışların kendisinininkinden güçlü olduğunu düşünür ve çocuğu bırakıp kaçar. Kahraman düşmanlara zarar vermek istese de veremez çünkü yüreği düşmanlar gibi katı değildir. Küçüklüğünden bu yana içine sinen korku ve nefret duygusu, aslında içinde kavga etmektedir ama her seferinde korku onu esir alır ve kendini kaçış yollarına vurur.

Kahraman, şehirde gezinirken ‘mahlûklar’ı görür ve dehşet içinde kalır. ‘Mahlûklar’ın tasvirleri de oldukça ilginçtir ve içerisinde birçok mesaj barındırır. *‘Mahlûk’, o derecede büyük ve çirkindi ki şehre girdiğinde ona yol açmak için sokaklardaki evleri alıp fırlatıvermişlerdi. O, harabelerin üzerinden güçlükle sürünerek geçti. Şehre girer girmez birdenbire gözlerini kapatıp kükremeye başladı. Onun kükreyişi birçok binanın çatılarını uçurdu. O, bunların hepsini köprüünün altından takip ediyordu. Kükremeyi işitince cesaretlenen düşmanlar şehirde yaygara çıkartmaya başladılar. ‘Mahlûk’, geniş meydanlar kan gölüne dönünceye kadar sokaklarda sürüp giden cengi sessizce bekleyip duruyordu. Onun boyu şehirdeki en büyük binadan da yüksekti. Ona şehir Kaf Dağı gibi görünüyordu. ‘Mahlûk’un*

derisi zırhtan kalın, kaba ve sertti. Karnı şiřkindi, rengi attığı için her yeri kızıl parlak bir bezle kapatılmıştı. Büyük ve iri ağzını açarken dişleri binlerce kılıç birden kınından çıkmış gibi parlıyordu. İncecik turnakları yeri tırmalayıp bırakıyor, ayakları altında parlayan yarım ay kanına kadar işliyor, sanki her yere aksediyordu. Kuyruğunu oynatarak gah o binayı gah bu binayı harabeye döndürüyor, başında gömgök taç ve biraz önce kendi ezdiği insanların kanına batırılmış gibi kıpkırmızı bir tuğ dalgalanıyordu (İstilâ: 15, 16). 'Mahlûk'un büyüklüğü ve derisinin zırhtan kalın olması onun gücünü temsil etmektedir. Kükreyişyle tüm çatıları uçurması onun otoriter olduğunu ve tahrip etme gücünün yüksekliğini göstermektedir.

Büyük karnının koca kızıl bir bezle kaplanması, Rusların Kızıl Ordusuna ve bu ordunun şehri işgaline işarettir. Ayrıca dişlerinin kılıç gibi olması adeta bir savaş sahnesini anımsatmaktadır. Aslında bu satırlarda 'Kızıl Ordu'nun Türk toprakları üzerindeki işgali ve yıkımı dile getirilmektedir. Tarihe baktığımızda Kızıl Ordu'nun 1920 Eylülünde yarı müstakil bir devlet olarak yaşamakta olan Hive Hanlığı'nı ortadan kaldırarak Türkistan'ın bu bölgelerinde Müstakil Halk Cumhuriyetleri kurduğunu görürüz [5, s. 40]. Kısacası hikâyenin başından beri farklı özellikleriyle betimlenen 'mahlûk', kızıl ordudan başka bir şey değildir. Başındaki gök taç da Rusları simgeleyen renktir. Ezdiği insanların kanında tuğun dalgalanması hikâyenin en acı kısmıdır. Türkler ezilmiş, katledilmiş fakat onları temsil eden tuğları kanlarının silüetinde hala dalgalanmaktadır.

Aradan yıllar geçer ve sokaklarda 'mahlûk'a benzeyen kavgacı tipler çoğalır. O, bunun nedenini sonradan anlar. 'Mahlûk' tüm kadınları hamile bırakmıştır. Şehir aç gözlü ve kötü mirasçılarla dolmuştur. Artık tam anlamıyla bütün halk, 'mahlûk'a yani Ruslara dönüşmüştür. Bu dönüşüm, milletin namusuna göz dikmiş bir güç tarafından istemsiz ve zorla yaptırılmış gibidir. Gerek baskı gerek zorbalık gerek çocukların ve milletin kanına girilerek yapılan tecavüz kadar büyük manevî hırsızlık suçu, onlar için bir utanç değil arzudur. Süleymanlı aşağıdaki cümlelerinde bunu açık bir şekilde anlatır: *Slav topluluklar arasında 'öncü sosyalist milletin' dili etrafında entegrasyon ve aynı zamanda Slav olmayan halklar arasında beynelminelleşmedir. Bunun anlamı 'öncü sosyalist milletin' yani Rusların dilleri etrafında birleşme ve aynı zamanda Slav olmayan milletlerin beynelminelleşmesidir. Müellifin sözlerine göre, 'sayımın materyalleri birleşme eğilimiyle paralel asimile faaliyetlerinin de yapıldığını ortaya koyuyor'* [9, s. 128-134].

O yine bir gün yollara düşmüşken peşinden iki kişinin geldiğini görür. Yine kaçır ve bir avlu içindeki hücreye saklanır. Düşmanlar onun

izini bulur, avluya dalar ve hücreye girdiklerinde bir kuzuyla karşılaşır. Ve kahraman düşmanın eline düşmesiyle bir kuzuya dönüşür. Kuzu, hayvansal özellikleri açısından ele alındığında en zararsız, mülayim yapılı ve nereye çeksen oraya giden bir hayvandır. ‘Kuzu ya da koyun gibi olma’ söylemi buradan gelmektedir. Artık o da düşman elinde bir kuzu olmuştur ve onlar ne isterse yapacak, hiçbir şeyi sorgulamayacaktır. Böylece ecdadın son bireyi de teslim olmuş ve düşmanın bemliğinde kaybolmuş yani “öteki”ne dönüşmüştür.

### **Sonuç**

İstila hikâyesi Özbek yazar Nazar İřankul tarafından Özbekistan’da yazılmış olsa da Türkistan coğrafyasının Rus istilâsını anlatan muhteşem ve uzun soluklu bir hikâyedir. Eserdeki her ayrıntı bir noktaya işaret etmekte ve altında pek çok tarihî süreç ve olaylara yer veren cümlelerin olması, hikâyede verilen anlamı daha da derin kılmaktadır. Rus-Sovyet ve Türkistan tarihini bilmeden bu hikâyedeki cümleleri ve buradaki sürekli kaçan şahsiyeti anlamlandırmak mümkün değildir. Bu hikâyede yukarıda da bahsettiğimiz gibi metinler arasılık vardır ve bu metinde sembollerden hareketle ilham alınan yer tabii ki tarihtir. Metinde işlenen konu yapılan birçok zulmün ele alınmasını da içerir. Soykırım dil politikalarıyla başlar. Ruslar, Rus dilinin öğrenilmesini izledikleri politikalar sonucunda zorunlu tutmamış gibi görünseler de halka Rusça öğrenmedikleri müddetçe hayat hakkı vermemişlerdir. Tarihin yok edilmesi, tüm yerleşim yerlerinin yıkılıp insanların sürülmesi ve halkın kolhoz adı verilen çiftliklerde yaşamaya mecbur edilmesi, Türklerin yok olması için kurulan düzeneklerden sadece birkaçıdır. Çocukların asimilasyonu da başka kahredici bir durumdur. Eğitim sistemiyle oynanmış, insanlara tarihleri ve en önemlisi de dilleri unutturulmuştur. İstila, bu politikalarla adeta bir salgın misali bütün Türkistan’a yayılmış ve ayrıştırma amacıyla halkı birbirine düşürmüştür. Halkın aklına ayrılık ve faklı oldukları fikri sokulurken yönetim ‘böl, yönet’ politikasını devreye sokmuştur. Hikâyede Rusya’nın bütün politikaları sembolik ifadelerle anlatılmıştır. Makalemizde bu politikanın hikâyede nasıl ortaya konulduğu tarihî açıdan ve metinlerarası yaklaşımlar dikkate alınarak tespit edilmeye ve hikâye anlamlandırılmaya çalışılmıştır.

### **KAYNAKÇA**

1. Devlet N. Millet ile Sovyet Arasında, 1. Baskı. İstanbul. 2011.
2. Merhan A. Anadolu’daki İlk Türkçe Eser Üzerine Tartışmalar. Türk Dili Araştırmaları Yıllığı - Belleten, 2011. 59 (2), 53-62. Retrieved from <http://dergipark.gov.tr/belleten/issue/32743/363462>

### U. Topçu Öztürk, N. Biray. Nazar İşankul'un "İstila" Hikâyesi Üzerine Bir

3. Yüce M. Kırgız Türklerinin Ulusal Kimlik Politikası. Akademik Bakış Uluslararası Hakemli Sosyal Bilimler E- Dergisi. 2006. S9, s. 152-162.
4. Biray N., Erdem E. Orta Asya'da Yürütülen Rus Dil Politikası Fikrinin Amaçları ve Türk Cumhuriyetlerinin Mücadele Siyaseti. 100. Yılında Sovyet İhtilali ve Türk Dünyası (Ed. Y. Koç, M. Cengiz), Hacettepe Ün. Yay.. Ankara. 2018. s. 441-449.
5. Hayit M. Sovyet Rusya Emperyalizmi ve Türk Dünyası, 1.baskı . Ankara, 1975.
6. Karabulut F. Ruslaştırma Politikalarında Son Darbe Olarak Kolhoz Sistemi: Uygulamalar ve Bazı Romanlardaki Yansımaları. 3.Türkistan Kurultayı. s. 614-635. Kastamonu. 2018.
7. Şahin L. Rusya Federasyonu'nun Etnik ve Dinsel Yapısı. Marmara Türkiyat Araştırmaları Dergisi. 2016.Cilt: III, S: 2, s. 15-32.
8. Ceylan F.A., Çimen, H. Sovyetler Birliğinin Uyguladığı Asimilasyon Politikalarının Bağımsızlık Sonrası Türk Cumhuriyetleri Üzerindeki Siyasal Ekonomik Etkileri. II. Uluslararası Türk Kültür Coğrafyasında Eğitim ve Sosyal Bilimler Sempozyumu. Nizip. 2016.
9. Süleymanlı E. Sovyetlerin Milli kimliği Yok Etme Faaliyetleri: 'Sovyet Halkı' Denemesi. Karadeniz Araştırmaları. 2005. S: 6. S. 128-134.
10. Karabulut F. İktidar ve Meşrulaştırma Mücadelesinin Odağı Orta Asya: Sovyetlerin Dil ve Eğitim Politikaları. bilig. 2009. 50/65-96.
11. Açık F. Azat Kuşlar Hikâyesi Üzerine Bir Çözümleme Denemesi. Ekev Akademi Dergisi. 2009. S: 38. S. 215-224. [http://turkoloji.cu.edu.tr/YENI%20TURK%20EDEBIYATI/fatma\\_acik\\_azat\\_kuslar\\_hikayesi.pdf](http://turkoloji.cu.edu.tr/YENI%20TURK%20EDEBIYATI/fatma_acik_azat_kuslar_hikayesi.pdf).
12. Aşkaroğlu, V. Postmodernizm Sınırsız Özgürlük mü? Özgürlüğün Sınırı mı?. Sage Yay.. Ankara. 2015.
13. Özel M. S. Stalin Dönemi Rus Milliyetçiliği ve Politikaları, Kırıkkale Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi. 2014. Cilt 4. S. 99-122.
14. Biray N. Erdem E. Türk Dünyası Üzerinde Uygulanan Ruslaştırma Siyasetinin Afişlere Yansıması. Atabetü'l-Hakayık'ın Basılışının 100. Yıl Dönümü Adına X. Uluslararası Dünya Dili Türkçe Sempozyumu. 17-19 Ekim 2018 Eskişehir. Yayımlanmamış bildiri.
15. Oba E. Bağımsızlık Devri Özbek Edebiyatı. Turkish Studies. 2014. 9/3, s. 997-1008.
16. Üşenmez E . Özbek Türkolog Kazakbay Mahmudov. İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi. 2012. 44 (44), 229-247. Retrieved from <http://dergipark.gov.tr/iutded/issue/17072/178519>. (e-tarih 10.2018).
17. Yılmaz M. Y. İşgal Dönemi Türkistan'da Rus Dil Planlaması ve Cedit Hareketi. International The Journal of Academic Social Science Studies JASSS. 2014. S: 29, s. 339-349.



**Андатпа**

Өзбек әдебиеті – түркі әлемінде айрықша орны бар әдебиет. Өзбек әдебиетінің өкілдері – ақын-жазушылары әдебиет өнері мен символдық мәні бар туындыларында Кеңес одағының солақай саясаты мен қысымына қарамастан өз ұстанымын ұсына білді. Қазіргі өзбек әдебиетінің танымал тұлғаларының бірі Назар Эшонкул «Шабуыл» әңгімесі арқылы сөз өнерінің жоғары сатысын меңгеріп, көркемдік бояуы қанық орыс саясатындағы зәбір мен қысымды бере білді. Орыстар Түркістандағы қоғамдық өмір мен мәдени өнердің барлық салаларында өздерінің саяси тәжірибесін қолданды. Түркістанға аштық пен соғыс ұйымдастырып, өмір сүрудің қиындығын арттырып мәжбүрлі түрде қоныс аудартты. Шабуылдау мен жою саясаты тек бір аймақта ғана емес, барлық өңірде жалғасты. Өз тарихынан, тілінен, дәстүрі мен мәдениетінен бас тарту сөзсіз ұлттың жоғалуына апарады. Шығармада осы жағдайлардың орын алу кезеңдері детальдармен дәл бейнеленген. Бұл мақалада «Шабуыл» шығармасының тарихы мен көркемдік сипаты талданады.

**Кілт сөздер:** Өзбек әдебиеті, Назар Эшонкул, Шабуыл, әңгіме, зерттеу, империалистік саясат.

**(У.Топчу Өзтүрк, Н.Бирай. Назар Эшонкулдың «Шабуыл» әңгімесінің зерттелуі)**

**Аннотация**

Узбекская литература является одной из самых сильных литератур тюркского мира. Авторы и поэты узбекской литературы, пережившие периоды угнетения и запрета во времена Советского Союза, выражали свои пожелания, используя возможности литературного искусства и применяя символическое повествование. Назар Эшонкул, один из сильнейших авторов современной узбекской литературы, используя высшие возможности искусства речи, дополняя символическими выражениями и живым языком, написал рассказ “Нашествие”, название которого было извлечено из истории русской политики давления и принуждения. Русские практиковали свою политику в отношении языка, общественной жизни и культуры в Туркестане во всех аспектах. Хотя в Туркестане войны, лишения, голод, невозможность на существование и люди, охваченные вынужденной миграцией, кажутся для них возможностью, эта возможность почти превратилась в яд, неосознанное превращение людей в рабов один за другим, ликвидировали все национальные ценности и идентичность. В статье рассматривается история произведения “Нашествие”, ее значение и способы выражения.

**Ключевые слова:** Узбекская литература, Назар Эшонкул, Нашествие, рассказ, исследование, империалистическая политика.

**(Топчу Озтюрк У., Бирай Н. Исследование рассказа Назара Эшонкула “Нашествие”)**

**Қ. Сартқожаұлы**

ф.ғ.д., профессор Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан  
(e-mail: kharjaubay@mail.ru)

**Байырғы қыпшақтар мен үйсіндердің құпия келісімі**  
(Проблемалық мақала)

**Аңдатпа**

Біздің жыл санауымыздың V ғасырынан бастап Жужан хандығының қоластындағы динлин (теле), гаочэ (қыпшақ) конфедерациялары Бумынның бастаумен 538-540 жылдары бір одаққа бірікті. Жужан хандығын құлатуға бұл одақтың күші жетпейтінін Бумын қаған түсінген. Сондықтан түрік текті тағы бір қуатты күш қажет болды. Ол күш – Тәңіртауының (Тянь-шань) солтүстігіндегі көршілес Үйсін хандығы еді. Үйсін хандығын одақтас етіп алудың нәтижесінде 200 жыл билік жүргізген Жужан хандығын түріктер құлатты.

Сол дәуірдегі көне түрік және қытай, византия, парсы деректеріндегі тарихи оқиғаларға анализ жасай отырып, Бумын қаған мен Үйсін ханы Істеми арасында құпия келісім болғанын автор бұдан бұрынғы еңбектерінде анықтаған. Мақалада осы үш шағын хандықтың бас біріктірген тарихи күресі әлем тарихының аренасына Көк Түрік империясын алып келгені туралы айтылған.

**Кілт сөздер:** Динлин (теле), гаочэ (қыпшақ), Бумын қаған, Жужан хандығы, Үйсін хандығы, Көк Түрік империясы.

**K. Sartkozhauly**

**The Secret Agreement of the Ancient Kipchaks and Uysuns**  
(Problematic article)

**Abstract**

In 538-540 years AD Bumin Kagan started to integrate Gaoche (Kipchaks), Dinlins (tele) that were under control of Zhuzhan khanate into Alliance. Bumin Kagan fully assumed the power of Zhuzhan Khanate and inability to overcome it. It was necessary to find another Turkic force. Ujsin Khanate that located on the north part of Tian Shan mountains was that ally. As a result of alliance the power of Zhuzhan Khanate was destroyed, that ruled about 200 years.

Due to analyse of historical datas of ancient Turkic ethnics, Chinese documents, Byzantine and Persian resources of that time, author has discovered

that Bumin kagan and Ujsin Khan Ustemu have concluded a secret agreement. The article is concerned with historical fight of three minor confederations, that integrated into Alliance and it allowed Turkic empire to make a mark on the global stage.

**Keywords:** Dinlin (tele), Gaoche (Kipchak), Bumin kagan, Zhuzhan Khanate, Uysyn Khanate, Blue Turk Empire

Қазақ тарихы бүгінгі Қазақстан Республикасының территориясымен шектелмейді. Уақыт ұзарған сайын кеңістік те кеңейе түседі. Біздің тарих бұдан 3000 жыл бұрын Көсемдік кезеңнен, Елдікке талпынып, бас қосуға ұмтылған тайпалық Одақ кезеңінен басталады. Өйтсе мемлекеттігіміздің тұғыры қай дәуірде қаланып, дамып, өсіп өркендегенін дәлелдей отырып, Елдігіміздің ұйысу тарихын нақты көрсете отырып, халықтың тарихи санасына сіңіруіміз керек. Осы мақсатты орындауға Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы үлкен серпін береді дегенге сенім зор.

Ұсынып отырған мақаламызда Көк Түрік қағанатының орнау алғы шартын оқырмандарға нақты деректер арқылы түсіндіруді мақсат еттік.

\*\*\*

Қытайдың ежелгі және ертеортағасырдағы көршілес көшпелілер туралы жазбалары сол дәуірдегі тарихтың өшкін сұлбасы ғана. Дәлірек айтсақ, көшпелілер тарихының ұзын-ырға нобайы ғана. Ресми жазбаларды қалдырушылар – билік өкілдерінің тыңшылары, ғұн (сюнну), түркілермен болған соғысқа қатысушылар. Ал, бейресми жазбаларды қалдырушылар саудагерлер, кезбелер. Бұлардың қай-қайсысы да көшпелілер туралы толық ақпарат қалдырған жоқ. Естігенін, бір сәт көргенін үзік-үзік фрагмент етіп қалдырған. Осы үзік-үзік ақпарат нобайын аударып, өркениетті оқырман қолына жеткізушілер әрбір оқиғаға, тұрғын халыққа, оның этникалық ерекшелігіне байланысты бүгінгі күнге дейін керемет мол еңбектер жарыққа шығарып, нақты ғылыми түсініктемелер беріп келеді. Сол түсініктемелерге анализ жасай отырып ғылыми-логикалық синтез жасап, нәтижесін ғылыми айналымға ұсынуды мақсат тұттық. Мақалада бұл проблеманы қысқартып, түсіндіріп көрсетуді жөн көрдік.

Осы мәселелерге тамшыдай болсын септігін тигізер деген үмітпен ерте ортаға сырдағы қыпшақ, үйсіндердің қатынасын қарастыруды жөн көрдік.

### **Ашина проблемасы**

#### **Қытайдың Сүй патшалық тарихы. 84-баянда:**

#### **Суйну (СШ) «84»-Цзюань:**

«Туцзюелердің (түріктердің) арғы тегі – аралас хулар (динлин, теле т.б.) болатын. Олардың әулеттік тегінің атауы – Ашина. Солтүстік Вэйдің Тайву патшасы Цзюйцюй әулетін жойған кезде Ашина 500 отбасын бастап жужуларға қашып барып паналаған. Олардың ұрпақтары Цзиньшаньда (Алтайда) тұрып теміршілікпен шұғылданып келді» [1, 65 б.].

#### **Түсініктеме I**

Б.з. 545 жылы Бумын қаған Ордасына Батыс Вэй елшісі соғды текті Ань Нопаньто келеді. Жаңа хандық құрып жатқан Көк Түріктер кімдер, арғы шығу тегі кім деген сұраққа жауап алады. Сонда Бумын Ордасының уәзірлері «Біз Көктің ұрпағымыз» деп жауап берген. «Көк» лексикасын Ань Нопаньто соғды тілінде сын есім «ашана» (көк түс) деп түсінген. Ань Нопаньтоның осы түсінігі кейін Көк Түріктердің этникалық атауын, билеуші тайпаның атауына айналдырды. Осы теріс түсінік бүкіл түрік тарихын шатастырудың түпқайнарына айналды. Бұл атауға зерттеушілер әртүрлі түсініктеме беріп келді. Онда П. Будберг ағ «таудан асу» [2, 77-78 б.], С.Г. Кляшторный (1964) Хотан-сақ тілінде *asana* «достойный, благородный» [3, 112 б.], Х.В. Хауссига ерте орта ғасырдағы парсы тілінде *axsalna* «қара түс» [4, 55-56 б.], К. Беквиса байырғы түрік тілінде *Arsila* -\**Arslan-Ašina*» [5, 206-208 б.], Л.Н. Гумилев ашина лексиконының «а» - мәртебелі дегенді білдіретін иероглифі – «*сiно*» - моңғол тілінің «бөрі» деген сөзі деп түсіндіреді. Қазақ түркологы Ә. Абдрахманов байырғы түрік тілінің «*еши*» (баба, ата) сөзінің өзгерген түрі [6, 16-34 б.] деген сияқты ондаған ұсыныстар айтылды. С.Г. Кляшторныйдың 2003 жылы басылған еңбегінде ашина атауын сын есім «көк» (голубие) деген сөз деп тұжырым жасады [7, 348 б.]. Сөйтіп олар осындай лингвистикалық болжамдардың нәтижесінде, Көк Түрік Қағанатының билеуші тайпасы Ашиналықтар деген тұжырымды ғылыми әдебиетте тұрақтандырған.

Аталмыш зерттеушілердің барлығы *ашина* сөзінің семантикасын ашуда оны тек тілдік тұрғыдан қарастырып, бірінші мағынасымен ғана шектелді де, сөздің басқа да мағыналарына этнолингвистикалық тұрғыдан бара алмады. Осы жолдардың авторы «*ашина*» атауына, аталмыш сөздің екінші мағынасына көңіл бөліп, этнолингвистикалық анализ жасауға талпынды. Байырғы және қазіргі

барлық түркі тілдерінде «көк» сөзі аспан деген ұғымды береді. Аспан сөзі бізге парсыдан енген. Сөйтіп, ашина сөзі сын есім «көк» (түс) емес «көк аспан» екені анықталды. Байырғы түріктердің дүниетанымы бойынша жаратушы Бір Тәңір аспанда (көкте) тұрады. Сол Тәңірдің шапағатымен түріктер, бүкіл дүние, адамзат жаратылды. Түріктер жаратушының өнімі дегенді білдіреді. Сондықтан да түріктер өздері аспандағы сол Тәңірдің жердегі өкілі ретінде сезінген. Ашина «ašina» деген тайпалық атау байырғы түрік мәтіндерінде бірде бір рет кездеспейді. Керісінше, «Көк Түрік» деп аталған атау сақталған. Ал билеуші тайпа, хан тұқымының өкілдері қыпшақтар болған деген тұжырымға келген [8, 64-73 б.].

а) Біздің ғылыми дәлеліміз бойынша Көк Түріктер қағанатының билеуші тайпасының Хан әулеті – Қыпшақтар. Ерте орта ғасырдағы көк түрік қағанатын (империя) құрушылар Бумын, Мұхан, Құтлұк Елтеріс, Білге қаған, Күлтегін бастаған қыпшақ тайпалары болған. Ж.с.б. III ғасыр мен б.з. V ғасыр аралығында динлин (ди, ти, тили, түрік) гау-че (қыпшақ), гэгунь (қырғыз), синьли тайпалары қытайдың батысында Гансу дәлізі, солтүстікте Байқал мен Алтай аралығында (Моңғол үстіртін қоса) мекендеген [9, 41 б., 136 б.; 10, 50 б.]. Қыпшақтардың бір бөлігі – Цзюйцюй әулеті (бұрынғы Солтүстік Лян) 439 жылдан бастап Алтай тауын мекендеген.

б) Алтайлық қыпшақтар қытай деректерінде цюйше, динлин, гегунь, синьли тайпаларының атауларымен үнемі қатар айтылады [9, 41 б.]. 高车 деп жазған екі иероглифтің біріншісін зерттеушілер “гау” немесе “цюй” деп атап келген. Н.Я. Бичурин “кюсше”, В.С. Таскин “цзюй- шэ”, Б. Еженхан “гау че”, А. Ташағыл «као чэ» [11, 28-40 б.] деп оқылуын берген. А.Н. Бернштам жоғарыдағы екі иероглифті “цзюй шэ” деп оқып “қыпшақ” деп транскрипциялаған [12, 463-464 б.].

高 gao M 45313: K1129 on «gaw» ~qau ~qab~qib: 车 tɕiak (tɕhak) ~ɕak ~ɕaq [13, 22 б.] деген талдау нәтижесінде А. Ташағыл мен Б. Еженханның оқылымы ғылымилығымен өзін ақтап тұрған сияқты.

## **Түсініктеме II “Аралас хулар”**

Қытайдың Эр Я сөздігінің мәліметі бойынша, Чжоу патшалығының дәуірінде (ж.с.б. 122-2478 жж.) 9 жун, 8 ди, 6 мань тайпалары Ганьсу аймағының көршілес жерлерінде, дәлірек айтқанда, қазіргі Цинхай, Шеньси, Пинлин, Сычуань аумағында мекендеген [14, т.V. 5 б.] қытай емес тайпалар. Осыларды ежелгі қытай шежірешілері

## Қ. Сартқожаұлы. Байырғы қыпшақтар мен үйсіндердің құпия келісімі.

Жун – *бөрі, ит* деген мағына беретін атаумен атаған. Қытайлар аталмыш көшпелі тайпаларды тотемі бойынша атаған сияқты. Көк Түріктердің тотемі (киесі) бөрі болғаны туралы аңыздар: 1) Ашина туралы аңыз (ЧШ 50 бума 42-баян), 2) Енисей маңында мекендеген сак

(с ақа) тайпалары туралы аңыз (СШ 84 бума ), 3) Үйсіндердің шығу тегі

туралы аңыз (Шицзи, 123), Сюнну Шаньюйдің екі қызы туралы аңыз (БШ 103 бума) Қытай деректерінде сақталған. Бөрі – ит тектес жануар, ит ежелгі дәуірден бері адамның айнымас досы саналған. Ит иесін сатпайды. Мұндағы жундардың біразы Мань тайпалары, танғыт, тивет тектес болған. Осылардың барлығын біріктіріп “ЖУН” деп атаған [15, 137 б.]. Онымен қатар осы аймақта сақтар (со, ся), юэчжилер (нүкүз сақтар). Динлиндер араласа қоныстанғандықтан оларды кейін Сыма Цянь “аралас хулар” деп атаған сияқты.

### **Түсініктеме III**

#### **а) Сюнну, Ұлы Хань империясы құлағаннан кейін**

Б.ж.с V-VI ғасырда да солтүстік, солтүстік-батыс Қытайда “Бес жабайылардың 16 хандығы” деп аталған шағын хандықтар орнаған. Сарай тарихшылары бұл кезеңді «У ху ши лю го» дәуірі деп атайды. Осы дәуірде Ганьсу дәлізінде Гаочэлердің Батыс Лян (460-421жж.) билеушісі – қытайлар, Оңтүстік Лян (377-414жж.) билеушісі – түрік-сянбилер; солтүстік Лян (401-439жж.), билеушісі – сюнну (түріктер) динлиндер (дили, чили), Чень Хань (304-347жж.), Цинь (351-394жж.), кейінгі Лян (386-408жж.) хандықтары құрылған. Бұл хандықтар көп өмір сүре алмады, Сияньби, Солтүстік Вэй және Жужандардың шабуылына ұшарады. Сөйтіп Сияньбидің, Солтүстік Вэйдің, Жужандардың қоластына кірді. Солтүстік Ляндықтар әуелі Гаочанға (Турфанға), одан соң Алтай тауына барып мекендеп, темір өндірумен айналысты [15, 137 б.].

Қытайлардың жазба деректерінде Сюнну империясы дәуірінде динлин (ди, дили, одан чи ди (қызыл ди), Бейди (Солтүстік Ди), Гаочэ, Гегун, Синли, атауларымен атала келе, кейін “Бес жабайылардың 16 мемлекеті ” дәуірінде Гаочэ тайпалар одағы күшейіп билік тұтқасына ұмтылған. Осы дәуірден бастап Дили (динлин) тобының атауы көмескілене бастаған. Сөйтіп динлиндердің тобынан гаочэлықтар тарих сахнасына шықты. Гаочэлер ж.с. 400-жылынан бастап бір-біріне бағынбайтын 4 хандыққа, Динлиндіктер (дили, сили,

теле) 3 хандыққа бөлінген. Солардың ішінде Лян хандығын құрған гаочэлердің 2 тайпасы 489 жылдан 535 жылға дейін бірде Жужандардың соққысына, бірде солтүстік Вэйлердің соққысына түсіп отырды. Осы аралықта аталмыш 42 тайпа, 100-ден аса рулардың біразы Вэй патшалығына қашып барса, біразы Жужандарды паналады. Тұжырымдап айтсақ, Вэй патшалығы мен Жужандардың ойыншығына айналып, өзара ырылдасып, ынтымағынан айырылды, халқы қырылды, аштықтан өлім құшып, өзара шайқасып небір қатыгез сынақтан өтті. Күлтегін мәліметіндегі Жолуг-тегіннің сөзімен айтсақ «оңтүстікке де (ілгері), солтүстікке де аяқ жеткен жердің бәріне бардық. Барған жерден не жақсылық көрдік. Қаның судай ақты сүйегің таудай үйіліп жатты. Бек ұл ұрпағың құл болды, сілік (сұлу) қыз ұрпағың күн болды» [16, 56, 62 б.] деп кейінгі ұрпағы зар еңіреді. Халық та, билік те ел болуға ұмтылды. Өткен ғасырларда көрген азабы халықты саяси күреске дайындады. Соның нәтижесінде Бумын бастаған көсемдер шығып, Көк Түрік Қағанатын орнатты. Міне осы кезден бастап қытайдың сарай тарихының жазбаларында олардың шаруашылық ерекшелігімен «биік арбалы динлиндер» (гаочэ динлин) деп қалай болса солай атай салған атауды өзгертіп, «көк» туцзюе (көк түріктері)» деп түріктердің өздері ұлықтаған атауымен тарихи деректеріне жазатын болды.

Осылайша «түрік» атауы қағанат орнағаннан кейін берілген саяси атау. Ал, билеуші тайпасы ғасырлар бойы өз тәуелсіздігі үшін күрескен қыпшақтар (гаочэ динлиндер) еді.

#### **ә) Мекені**

Гаочэ (қыпшақтар), гегун, дилиндердің тұрғылықты мекені солтүстікте Байкал көлінің шығысы, оңтүстігі және батыс алқабын орай, Моңғол үстірті, Өтүкен, Саян-Алтай, Алтай тау жотасы, оңтүстікте Ганьсу өлкесі, батысы Тәңір тауының шығыс (гаочан, артқы алдыңғы хэси) алқабын мекендеді.

#### **б) Жужандар хандығы**

Жужандардың тегі мен тілі туралы нақты ғылыми тұжырымдар жасалған жоқ. Жужан тарихын зерттеуге Еуропа тарихының ғалымдары онша көңіл бөлмей келді. Н.Я. Бичурин жужандарға байланысты тарихи дерекерді алғаш рет аударып, батыс ғалымдарына таныстырды [10]. Моңғол ғалымдары Г. Сүхбаатар, И. Хандсүрэн жужандарды моңғол тілді, моңғол текті халық деген қорытынды жасаған [17; 18, 70-80 б.].

## Қ. Сартқожаұлы. Байырғы қыпшақтар мен үйсіндердің құпия келісімі.

Жужандар б.з 330-шы жылдардан бастап тайпалық дәрежеге көтеріліп, 402 жылы ресми хандығын жариялайды. Алғашқы хан Шелуньден (Цюдуфе) бастап 552 жылға дейін Жужан мемлекетін 15 хан басқарды. Ол – Қытайдың Солтүстік Вэй патшалығымен иық тіресе күресіп, 200 жылға жуық билік құрған қуатты хандық. Оның қоластындағы Гаочэліктердің (қыпшақтардың) бір өзі бірнеше жылдың ішінде жужандардың билігін құлатып, елін, халқын тартып алулары мүмкін емес еді. Олар 535 -545 жылдар аралығында күш жинап, 550 жылға дейін алып қағанатты қалай және қайтіп құлатты, қандай стратегия, тактика қолданды деген сұрақ туады.

### **в) Бумын қағанның стратегиясы**

Жоғарыда сөз еткеніміздей, жужандардың езгісіндегі гаочэ (қыпшақтар) тайпалары өзінің елін құру, бір тудың астына жиналу үшін ынтымақ, бірлікке бас иіп, психологиялық дайындықта болған. Күлтегін мәтініндегі Жолуғ-тегін сөзімен айтсақ: «Көк Түріктердің иесі (билігі) биліксіз еді... Төрт тараптағылардың барлығы жау еді. Оларды бағындырып (түсіністікпен және қарсы келгенін соғыспен - Қ.С), бейбіт қылып, бастыны жүгіндіріп, тізеліні бүктіріп біріктірді» (КТ.І.1-2).

Осылайша, ішкі бірлігін нығайтып алғаннан кейін, Саян-Алтайдағы телелердің 50 000 отбасын осы ұлы мақсатқа тартты. Қытай деректеріндегі “Телелерді жаулап алды” (СШ.84) деген сөзге сенуге болмайды. Жүз елу жылдан астам уақыт бойы жужандардың қысымында болып зардап шеккен, жан-жағындағы жауынгер тайпаларға әлсін-әлі таланып келген динлиндер (оғыздар) - тәуелсіздігін алу үшін күресіп келген халық. Олар қалайша өзінің жақтасы гаочэлерге (қыпшақ) қарсы келмек? Гаочэлермен бірдей жужан езгісіндегі телелер өз еркімен Бумынға келіп қосылып, күш-қуатын біріктірген. Бұл күш те аздық ететіндігін Бумын қаған түсінген. Сондықтан өзіне тағы бір хандықты қосып алуды ойлаған. Ол Үйсін хандығы еді.

### **Үйсін хандығы:**

Сюнну (ғұн) империясының алғашқы кезінде ючжилер үйсін тайпасына шабуыл жасап, халқын тентіретіп жібереді. Сол кезде үйсін Нандоу мидің ұлы Ляжоу (Елжау би) аман қалады. Сүнну билігі бұл баланы асырап, азамат етіп өсіріп, тарап кеткен халқын жинап, Ляжоуды елінің басшысы етіп тағайындайды. Қазіргі заманғы біздің



ұстанымымызбен түсіндірсек, автономиялық құқық беріп, қол астына алып қамқорлық еткен.

Хандықтың басшысына “Хан” деген лауазым бермей, “Би” деген лауазым береді. Үйсін елінің басшысын “күнби” деп атаған. Оның себебі “сюнну” атауы ту баста көне қытай тілінде “шүн” деп белгіленген. Мағынасын “күн” деп түсіндіреді. Қазіргі заманғы ғалымдар сюнну (сүннү) деп жазып жүрген атаудың ежелгі мағынасы “күн”. Міне осыдан Күн (сүннү) империясының биі деген ұғымның аясында Күнби аталған. Мысалы: Нандоу ми (Нәнду би), Ляжоу ми (Елжау би), Сілы ми (Селет би), Ни ми, Бінжоу ми, Жуангуй ми, Шың ми, т.с.с. аталған.

Ляжоу ми (Елжау би) билігінің соңында Хань патшасы үйсіндерге бірнеше мәрте елші жіберіп, ақыр соңында қыз беріп, қыз алысып құдандалы болады. Хань патшалығының екіұшты дипломатиялық іс-шарасының нәтижесінде үйсіндер Ұлы Хань, кейінгі Хань, солтүстік Вэй патшалықтарымен дипломатиялық жақсы қатынаста болады. Осылайша үйсіндер қытайлардың қамқорлығына ие болып, қытай билігіне адалдығын дәлелдеп, өзін сыртқы жаулардан қорғау мақсатына қол жеткізеді. Соның арқасында Үйсін хандығының экономикасы нығайып, өз тәуелсіздігін сақтап қалды.

Осы аралықта Сяньби армиясы екі рет, Жужан хандығы бір рет шабуыл жасаған. Сол кезде олар Хань империясы мен Солтүстік Вэй империясының көмегімен елін қорғап қалған. Үйсіндермен көршілес басқа елдер оған (үйсіндерге) шабуыл жасаудан сақтанатын еді. Үйсіндердің көршілерінің ішіндегі бірден бір қас жауы Жужан хандығы болды. Қытайлармен жақсы дипломатиялық қатынас жүргізіп үлгерудің нәтижесінде үйсіндер Орталық Азиядағы түркі тектес хандықтармен салыстырғанда ең қуатты, бай мемлекетке айналған. Міне осы хандықты өзіне тартып, одақтасып Жужан хандығын құлату Бумын қағанның басты саясатына айналған сияқты.

### **Ұлы мұрат жолындағы құпия келісім**

Істеми қаған кім? Істеми-Ыстыби алғашқы Көк Түрік Қағанатын орнатуға атсалыса отырып неге батысқа ат басын бұрды? - деген сұраққа жауап іздейік.

Қыпшақтардың айналасындағы түркі тектес тайпалар бас қосып Жужандарға қарсы саясат жүргізіп жатқанын көршілес үйсіндіктер әбден жақсы біліп отырған.

Үйсін хандығы шығысы Баркөлден бастап Тәңір тауының (Тянь

#### Қ. Сартқожаұлы. Байырғы қыпшақтар мен үйсіндердің құпия келісімі.

Шань) солтүстігін толықтай иемденіп, батысы Жетісу, Талас, Қаратауға дейінгі аралықты алып жатты. Тәңіртауының солтүстігіндегі үйсіндер жазда Тәңіртауына көшіп барып жайлап, қыста Жоңғар құмына келіп мекендейді. Ал гаочэліктер (қыпшақтар) жазда Алтай жотасының сай-саласына көшіп келіп, қыста Жоңғар ойпатына келіп қыстайды. Үйсіндермен қыста ауылы аралас, қойы қоралас, құда-андалы, қоян-қолтық араласқан. Тілі бір, діні бір, салт-санасы бір, түркі тектес екі халықтың бір-бірінен айырмашылығы жоқ еді.

Осы туыстық-қандастықты ұлы мақсатына ұйыстыру үшін Бумын қаған үйсіндермен келісімге келіп, жужанға қарсы соғысқа пайдаланған. Бұл туралы қытай деректерінде ақпарат жоқ. Тек бір ғана дерек алғашқы Көк Түріктер қағанатын құрушы көсемдердің бірі Істеми Үйсін хандығының сол дәуірдегі Күнбиі болған [19, 105-116 б.].

Оның дәлелі:

1. Істеми қағанның қытайша «ми», түрікше «би» атауы жоғарыда сөз еткен үйсін күнбилерінің атауымен бірдей. Мысалы; Ляжоу ми (Елжау би), Нанду ми (Нанду би), Сілы ми (Селе би), т.с.с.
2. Бумын қаған 552 жылы дүние салғаннан кейін Орда басшысы Коло (Қара Еске) алты ай Ел басқарған. Одан соң Бумынның ұлы Мұқан тегін, Мұқан қаған деген атпен Түріктің Хан тағына ие болған.
3. Істеми хан түрік текті тайпалар мен ұсақ хандықтарды (Тәңіртауының үйсіндерінен бастап солтүстік батыста Еділге дейінгі аралықтағы), оңтүстік батыстағы отыз оғыздарды (кейін печенек, түрік, оғуыз аталған), қаңлылар, оңтүстіктегі эфталиттер, кушандар Әмудария бойындағы басқа да түрік тайпалары т.т.с.с. шағын хандықтар мен тайпалар одағын Көк Түрік Қағанатының қоластына біріктіру мақсатында батысқа жорыққа аттанған. Батыста Тардуш хан, Еуропа жазбаларында Стеми, Дизабул хан деген атпен белгілі болған қайраткер.
4. Батыстағы түріктерді Көк Түрік Қағанатының қоластына енгізіп ел құрғандықтан, кейін Батыс Түрік қағанаты қағандарының лауазымының алдына қытай деректеріндегі «ашина» (көк, аспан) анықтауыш атауды қосып қолданып тарих бетінен орын берген.

Міне осы Үйсін Күнбиі Істеми (Істе би) мен Бумын қаған арасында құпия келісім болған. Бұл келісім құпия болғандықтан қытайлықтарға (Солтүстік Вэй) жетпеген. Егер қытай патшаларының бірі хабардар болса үйсінмен олардың екі арасындағы бейбіт өмір сүру

шартын бұзғандық болар еді. Қытай қамқорлығынан айырылатын болар еді. Осылайша үйсіндер, қыпшақтар, динлиндердің біріккен күші Жужан хандығын құлатуға бірлесе ат салысқан.

Жаңадан орнаған хандық “Көк Түрік” деп аталған. Мұндағы «көк» сөзі «аспан түркі», жаратушы бір тәңірдің шапағатымен жаратылған хандық деп түсіндірілген. Сондықтан да II Түрік қағанаты; «Жоғарыда көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің ортасында адам баласы жаратылған. Адам баласына билік етуді бабам Бумын қағанға, Істеми қағанға нәсіп еткен» (КТ. I; БК. I. 3) деп екі мәрте Күлтегін мен Білге қаған кешеніндегі ұстын тасқа ойып отырып жазып қалдырған.

Көк Түрік Қағанаты әлем аренасына шыққаннан кейін гаочэ, динлин деген атаулар қытай деректерінен көрінбей кетті. Оның орнына қыпшақ тайпалық одағы билік еткен Көк Түрік қағанаты деген саяси атау әлем аренасына шығып келді.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Еженхан Б. Түркі тарихына қатысты қытай деректері. Астана. 2006.
2. Boodberg P.A. Selected Works Berkeley; Los Angeles. 1979.
3. Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М. 1964.
4. Haussig H.W. Byzantinische Quellen über Mittelasien in ihrer historischen Aussag.// Prolegomena to the sources on the history of pre-islamic Central Asia. Budapest, 1979.
5. Beskwith Ch.J. The Tibetan empire in Central Asia. Budapest, 1979.
6. Абдрахманов Ә. Қазақстан этнотопонимикасы. Алматы. 1978.
7. Кляшторный С.Г. История Центральной Азии и памятники рунические письма. СПб., 2003
8. Сартқожа Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. Алматы. 2003.
9. Таскин В.С. Материалы по истории Сюнну. М., 1988.
10. Бичурин И.Я. Собрание сведений обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. I-III. М-Л, 1950.
11. Ahmet Taşağıl. Çin kaynaklarına göre eski Türk boyları . Ankara 2004.
12. Бернштам А.Н. Социально-экономический строй Орхоно-Енисейских тюрок. V-VIII вв. М-Л., 1946.
13. Го Ши Лян. Ежелгі қытай иероглифтерінің дыбысталуы. Бейжің. 1986.
14. Морохоси Т. 中日字典 Қытай-жапон толық (үлкен) сөздігі. Бейжің. 1966-1968.
15. Малявкин А.Г. Историческая география Центральной Азии. Новосибирск. 1981.
16. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. II. Алматы. 2013.

#### **Қ. Сартқожаұлы. Байырғы қыпшақтар мен үйсіндердің құпия келісімі.**

17. Сүхбаатар Г. Монгол Нирун улс. УБ., 1992.
18. Хандсүрэн Ц. Жужаны түүхийн зарим асудал//Эрдэм шинжилгээний өгүүллүүд. УБ., 1968. -173-197 тал.
19. Байқошқарұлы Б. Сартқожаұлы Қ. Үйсін хандығы. Алматы. 2016.
20. Ежелгі Үйсін елі (Қытай деректері мен зерттеулері). Үрімжі. 2005.
21. Еженхан Б., Ошан Ж. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. I-IV . Алматы. 2006.
22. Мырзахан Ж., Ақыштайұлы Ә., Қайыржанұлы К., Мұханұлы Қ., Әбілғазыұлы С. Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері. Алматы. 2006.
23. Pullyblank Эд. В. Lexicon of Recons-tructed Pronunciation in Early Middle Chinese, Late Middle Chinese, and Early Mandarin. Vancouver. 1991.

#### **REFERENCES**

1. Ejenhan B. Túrki tarihyna qatysty qytaı derekteri. Astana. 2006.
2. Boodberg P.A. Selected Works Berkeley; Los Angeles. 1979.
3. Kliashtornyi S.G. Drevnetúrkskie rýnicheskie pomiatnik kak istochnik po istorii Srednei Azii. M. 1964.
4. Haussig H.W. Byzantinische Quellen uber Mittelasien in ihrer historischen Aussag.// Prolegomena to the sources on the history of pre-islamic Central Asia. Budapest, 1979.
5. Beskwith Ch.J. The Tibetan empirein Central Asia. Budapest, 1979.
6. Abdrahmanov Á. Qazaqstan etnotoponimikasy. Almaty. 1978.
7. Kliashtornyi S.G. Istoriia Tsentralnoi Azii i pamiatniki rýnicheskie pisma. SPb., 2003
8. Sartqoja Q. Baiyrǵy túrik jazýynyń genezisi. Almaty. 2003.
9. Taskin V.S. Materialy po istorii Síynný. M.,1988.
10. Bichýrin I.Ia. Sobranie svedeniı obitvshih v Srednei Azii v drevnie vremena. T .I-III. M-L, 1950.
11. Ahmet Taşaǵıl. Çin kaynaklarına göre eski Türk boyları . Ankara 2004.
12. Bernshtam A.N. Sotsialno-ekonomicheskii stroi Orhono-Eniseiskih tíyrk. V-VIII vv. M-L., 1946.
13. Go Shi Lian. Ejelgi qytaı ieroglifteriniń dybystalýy. Beijiń. 1986.
14. Morohosi T. 中日字典 Qytaı-japon tolyq (úlken) sózdigi. Beijiń. 1966-1968.
15. Malıavkin A.G. Istoricheskaia geografiia Tsentralnoi Azii. Novosibirsk. 1981.
16. Sartqojauly Q. Orhon muralary. II. Almaty. 2013.
17. Súhbaatar G. Mongol Nırýn ýls. ÝB., 1992.
18. Handsúren Ts. Jýjany túúhın zarim asýdal//Erdem shinjilgeenu ógúúllúúđ. ÝB., 1968. -173-197 tal.
19. Baiqoshqaruly B. Sartqojauly Q. Úisin handyǵy. Almaty. 2016.
20. Ejelgi Úisin eli (Qytaı derekteri men zertteýleri). Úrimji. 2005.
21. Ejenhan B., Oshan J. Qazaqstan tarihy túraly qytaı derektemeleri. I-IV . Almaty. 2006.

22. Myrzahan J., Aqyshtauuly Á., Qayırganuly K., Muhanuly Q., Ábilgazyuly S. Qytai jylnamalaryndaǵy qazaq tarihynyń derekteri. Almaty. 2006.
23. Pullyblank Ed. B. Lexicon of Reconstructed Pronunciation in Early Middle Chinese, Late Middle Chinese, and Early Mandarin. Vancouver. 1991.

**Қысқартылған әдебиет атаулары**

ДТС - Древнетюркский словарь

МК - Словарь Махмуд Кашкари

ЮгВ - Edib Ahmed b.Mahmud Yükeki. Istanbul.1951.

Rach-Rechmed G.R. Zur Helkunde der Uiguren.II. SPAW.1932. c. 401-448.

**Özet**

M.S. V. yüzyıldan itibaren, Jujan Hanlığı'nın hakimiyeti altındaki Dinlinler (tele) ve Gaoçe (Кыпчак) Konfederasyonları Bumin Kağan liderliğinde 538-540 yıllarında bir birlik oluşturmuşlardır. Bumin Kağan, kurduğu bu birliğin Jujan Hanlığı'nı yıkamayacağını ve bu bakımdan başka bir Türk gücüne ihtiyaç olduğunu farketti. Böyle bir müttefik, Tien Shan Dağları'nın kuzey komşusu olan Üysin Hanlığı idi. Üysin Hanlığı ile ittifakın sonucu olarak, 200 yıllık Jujan Hanlığı'nın iktidarı devrildi.

Bu makalede, eski Türk ve Çin, Bizans ve Fars kaynaklarındaki tarihsel veriler analiz edilmiş ve Bumin Kağan ile Üysin Hanı İstemi arasında gizli bir anlaşma olduğu ortaya çıkarılmıştır. Çalışmada, söz konusu üç hanlığı birleştiren Göktürkler'in dünya tarihinde ortaya çıkması da ele alınmaktadır.

**Anahtar kelimeler:** Dinlin (tele), Gaoçe (Кыпчак), Bumin Kağan, Jujan Hanlığı, Üysin Hanlığı, Göktürkler  
**(Sartkojauly K. Eski Кыпчакların ve Üysinlerin Gizli Sözleşmesi)**

**Аннотация**

Начиная с V века нашей эры конфедерации гаочэ (кыпчаки), динлины (теле), находящиеся под властью Жужанского ханства, в 538-540 гг. объединяются в Союз по инициативе Бумын кагана. Бумын каган осознавал мощь Жужанского ханства и невозможность одолеть его своими силами. В связи с этим, возникала необходимость привлечь еще одну тюркскую силу. Таким союзником являлось Уйсунское ханство, северный сосед со стороны Тянь-Шаньских гор. В результате союза с Уйсунским ханством 200-летнее правление Жужанского ханства было сокрушено.

Благодаря проведенному анализу исторических данных древнетюркских и китайских, византийских и персидских источников за тот период, автор обнаруживает, что между Бумын каганом и Уйсунский ханом Истеми было тайное соглашение. В статье говорится об исторической борьбе, объединившей три небольшие конфедерации, которая позволила Великой тюркской империи выступить на мировой арене и оставить след в мировой истории.

**Ключевые слова:** Динлины (теле), гаочэ (кыпчаки), Бумын каган, Жужанское ханство, Уйсунское ханство, Тюркский каганат.  
**(Сарткожаулы К. Тайное соглашение древних кыпчаков и уйсуней (Проблематичная статья))**

**Қ. Ералин<sup>1</sup>, Ғ. Ералина<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>п.ғ.д., профессор, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан, Қазақстан  
(e-mail: kuandikbei@mail.ru)

<sup>2</sup>п.ғ.к., Халықаралық Халықтар достығы университеті, Шымкент, Қазақстан  
(e-mail: gfziza erali@mail.ru)

**Аттылы жауынгер бейнесі - символдық образ**

**Аңдатпа**

Бүгінгі күнде Ұлы дала бейнелеу өнерінде жаңа технологиялар пайда болуда. Суретші З. Қожамқұлов шығармашылығы осындай бейнелеу өнерінің мүсімімен байланысты жаңа бір технологиясының өмірге келгенін дәлелдейді. З. Қожамқұлов – Қазақстанға белгілі суретші - кескіндемеші. Ол өнер шебері ретінде өнер сүйер қауымға, Орта Азия мен Қазақстандағы әріптестері арасында кеңінен белгілі. Ол өзінің шығармаларының даралығымен, қайталанбастығымен, жаңашылдығымен сипатталады. «Садақ тартқан аттылы жауынгер» шығармашылығын өнертанымдық талдау нәтижелері шебердің туындысындағы басты көркемдік өлшемі - идея деп анықтауға мүмкіндік береді. Мақалада суретшінің қазіргі заманауи кеңістікті-көлемді формалы шығармасының ерекшелігі айқындалады. Шығарма заманауи қазақ бейнелеу өнеріне қосылған жаңа технология ретінде қабылданып, Қазақстан бейнелеу өнеріндегі жаңа бейнелеу бағыты болып табылады. Бұл өнердегі жаңа құбылыс Егемен еліміздің бейнелеу өнерінің әлемдік мәдениеттің даму үдерісімен қатар тоқтаусыз дамып келе жатқандығын дәлелдейді.

**Кілт сөздер:** Жаңа технологиялар, туынды идеясы, туынды композициясы, абстракция, монументтік мүсін, өнертанымдық талдау.

**K Eralin, G. Eralina**  
**Images of the Rider - Symbolic Image**

**Abstract**

Today new technologies appear in the fine arts of the great steppe. The artist Zulkharnai Kozhamkulov suggests that a new technology associated with such a sculpture of fine art. Zulkharnai Kozhamkulov, well-known Kazakhstan artist-painter. He is widely known as a master of art, among art lovers, among artists of Central Asia and Kazakhstan. He is characterized by individuality, originality, novelty of his works. The results of creative analysis of the works, "Sadaq tartkqan attyly jauynger" determine that the main criterion of art in the work of the master is the idea. A feature of modern spatial three-dimensional work of the artist Zulkhainar is that first, by creating a abstract - the spatial-symbolic images, we are

talking about human progress and man's high spirit. The work is considered as a new technology added to the modern Kazakh art. It is also a new direction of fine arts of Kazakhstan. Cars are made of parts, made of three-dimensional dimensions, attract the bow, the statue of the soldier behind has an emotional impact on the viewer. A new phenomenon in this art shows that sovereignty develops not only in the development of world culture, but also in General.

**Keywords:** New technologies, derivative idea, derivative composition, abstraction, monumental sculpture, art history analysis

Суретші Зұлқарнай Қожамқұловтың бүгінгі күнгі шығармашылық бағыты көлемді кеңістік-монументтік өнер туындысын жасау бағытында жалғасуда. Суретші жаңашылдығы – концептуалдық ой бағытындағы ізденісті қамтиды. Зұлқарнай Қожамқұловтың шығармашылық жұмыстарының сипаты, шығармашылық келбеті - қарапайым металдар мен автобөлшектер жиынтығын ізденістегі образдық формаға сай құрамдаумен анықталады. Бұл айтқанды суретшінің «Садақ тартқан аттылы жауынгер» композициясынан көруге болады. Туынды суретшінің соңғы кездегі зерттеуі мен ізденіс нәтижесі. Шығарма көрерменді ой толғанысына жетелейді. Туынды суретшінің - өзіндік даралығын айқындайтын қолтаңбасы [1, 28 б.].

Өнер шеберінің шығармашылық ізденіс бағыты - өмір шындығы арқылы көркем образ жасау үдерісінде, құбылыстар көрінісін беру арқылы белгілі бір идеялық ой айту. Оның шығармашылығы өнер аясындағы іс-әрекет нәтижесімен жоғары шеберлік биігінен көрінумен қатар, шығармашылық идеясын ашуға баса назар аударылған.

Суретші-мүсінші З. Қожамқұловтың «Садақ тартқан аттылы жауынгер» атты соңғы ізденіс жұмысын өнертанымдық тұрғыда талдау нәтижесі аталған бағытты айқын аңғартады. Осыған шығарманың сонылығын, тақырыптың заманауи өткірлігін, жаңашылдық бағытын, ерекше композициялық құрылымын қосатын болсақ, аталып отырған технология суретші қызметінің жаңа бір бағытта өріс алғанын айқын танытады. Ал күрделі өнертанымдық заманауи мәселе ретіндегі мәні онан да арта түседі. «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында Президентіміз Н.Назарбаев «Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды»... «Бес қаруын асынған сарбаз, айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды», - деп көрсеткен [2, 1 б.]

3. Қожамқұловтың бұл атап отырған символдық жобаны қамтитын туындысы - шығармашылық абстрактілік-пәндік мүсіндеуге бағытталған. Шығарма сонымен қатар дизайнерлік пішін құрау шешімімен орындалған жұмыс үдерісін аңғартады. Суретші-мүсінші Зұлқарнайдың туындысы бейнелеудегі абстракциялық бағытты қамтиды. Автомобильдер детальдарынан құрастырып жасалған, көлемді өлшемдермен алынған, садақ тартқан, арттылы жауынгер мүсінінің көрерменге деген эмоциялық әсері мол. Мүсін қараған адамды ойға жетелейді. Туындыдағы ат пен жауынгер тұлғасы бірнеше бөлшектер жиынтығынан құралғанымен суретшінің үйлестіру шеберлігімен тұтастай бірліктегі композиция ретінде қабылданады. Әдепкіде бір қарағанда мүсіншінің пішін құрау нәтижесін қабылдау қиындау болып көрінеді. Жақыннан қарағанда бір жерге бір-біріне қиюластыра жинап қойған машина детальдары болып қабылданады. Қашықтан қарағанда ат үстінде садақ тартып отырған адам мүсіні силуэттік көлеңкелік бейнедегі көрініспен айқындала түседі. Аттың басы, жал - құйрығы, садақ, жауынгер бейнелері реалистік көркемдік сипаты бар тартымды көріністі құрамдаған. Суретші автомобиль бөлшектерін өзара тиімді құрастыру, бірін-біріне біріктіріп үйлестіріп қою арқылы ат пен адам пішіндерін анықтай түскен. Қатар орналасқан бөлшектер пішіндері, сызықтар бағыттары бірін-бірі қайталамайды, олар молынан даралық сипатқа ие бола түскен. Әр түрлі бөлшек беттерінің тегістігі мен кедір-бұдырлығы жинақтала келе, тұтастай көрініс табады. Олар әр түрлі пішіндердің өне бойындағы алға қарай жылжыған динамикалық бағытын ұстанған ұмтылыстар мен ритм қатарын түзейді. Жарық сәулелерінің бөлшектер беттеріне түскендегі көріністері жарық-көлеңке деңгейлерінің толқынды ритмі мен алға ұмтылыс динамикасын құрамдаған.

Өнер нысанын көргенде Қабанбай, Бөгенбай, Қарасай сынды еліміздің даңқты батырлары көз алдымызға елестейді. Туынды қараған адамға батырлардың жиынтық образы іспетті қабылданады. Көлемді етіп жасалған темірдей мықты тұлпар мінген жауынгер бейнесін көріп, әлемдік бейнелеу өнеріне қазақстандық шебердің жаңа бір бейнелеу технологиясын қосқанын көреміз. Сонылығы бар мұндай туындыны көріп, өнердегі бір креативтік шығармашылықтың нәтижесін танып, жаңашылдық сипатын аңғаруға болады. Шығарма сипаты – монументтік мүсін өнеріне жақын. Материалы - металл. Суретші әрекеті - бөлшектерден композиция құрастыру. Идеясы – бабалардың рухын, батырлық дәстүрін болашаққа сапасы мықты материалдарды



қолдану арқылы жеткізу. Көлемінің ерекшелігі – мүсіннің өлшемін табиғаттағы ат пен адамның өлшемінен артық етіп алынуы арқылы шығарма идеясын асқақ етіп көрсету болған. Бөлшектердің орналасуы үлкен динамикалық ұмтылыстары бар бағыттардың мол тасқанын елестетеді. Бұл бөлшектер бағыттарының жиынтығы – сурет салу үдерісінде пішіннің көлемін қалыптастыруға мүмкіндік беретін, штрих сызықтарын еске түсіреді. Ал штрихтер форманы құрамдауға ықпал етеді. Шығарма идеясы - көрерменді тарих қойнауына жетелеу. Әлемдік өркениетке жылқыны қолға үйрету мәдениетінің келуін көрсету. Адамның атты мінуге үйренуі өркениет дамуының жаңа бір бетін ашты. Өмірге атқа міну мәдениетінің, үзеңгінің, жүгеннің, ертоқымның келуі адамзаттың дамуына әсері мол болғанын таныту. Шалбардың шығуы, оның аттылы адамға қолайлы киім болып қалыптасу тарихы ойға оралады. Ертегідегі Томирис ханымның, қазақ батырларының жауынгерлік бейнесі көз алдымызға елестейді. Осындай ой тасқындары мүсінді алғаш көрген адамның есіне түсетіні анық. Осы орайда Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «Мәдени кодының» айрықша элементі» [2, 1 б.] деген сөздері еске түседі.

Ерте ғасырда қазақтың елі мен жерін қорғаған - ат пен адам. Өнер шеберінің мүсіні - ат пен адамға көрсетілген құрмет. Қазақ тарихындағы батырларды еске түсіретін белгі. Адамның өркениетке әкелген нәтижелерінің өлшемдері. Алдағы ғасырлар талқысына төтеп беретін материалмен жасалған ескерткіш. Жылдамдық пен интернет ғасырында пайда болған заманауи жаңа бейнелеу технологиясы. Суреткердің дәстүрлі материалдарды қолдану шеңберінен шығып, жоғары деңгейге көтерілген жаңашылдық ізденіс әрекетінің нәтижесі. Шебердің бейнелеуден өзіндік дара жолын іздеу көрінісі. Бейнелеу технологиясының өмірге келуі. Адамзат өнерінің қағаз, бояу, кенеп, тас, сияқты материалдар шеңберінде тұрақтап қалмай инновациялық заманауи бейнелеу әдісін іздеп табуы. Бейнелеу саласындағы жаңашылдық. Жиырма бірінші ғасырдағы суретшілердің шығармашылық креативтілік ізденістегі жетістігі мен биіктігі. Автобөлшектердің жиынтығын жинау, үйлестіру, құрастыру тұтас көріністерін біріктіру арқылы форма шығару әрекеті. Заманауи сұраныс пен жаңашылдықты көруге деген қажеттіліктен туындаған сәтті шығармаға өнер адамдарының көзқарастары оң. Шығармаға

деген таңданыстар да бар. Шебердің қызметі туралы белгілі өнертанушылар Байтұрсын Өмірбеков, Эльмира Ахметова, Камила Ли бағалы пікірлер айтып, оң баға берген. Артықшылығы суретшінің ізденімпаздығы деп көрсеткен. Жұмыстың табиғаты жаңашылдыққа ұмтылыс деп бағаланған.

Инсталляцияның басқа өнер түрлерінен айырмашылығы материалдардың барлық түрлерін қолдану болып табылады. Инсталляцияда кәдімгі материалдар ағаш, металл, қағаз қолданылуы мүмкін. Инсталляция (ағылшынша орнату, араластыру деген мағынаны береді) - әр түрлі дайын материалдар мен қалыптардан (шашыраңқы нысандар, өнеркәсіптік және тұрмыстық заттар, мәтіндік және көрнекі ақпараттың фрагменттері) жасалған және көркем туынды немесе бұйым болып табылатын кеңістіктік композицияны білдіретін заманауи өнердің түрі. Әр түрлі ерекше комбинацияларда бейнелегенде, зат өзінің практикалық функциясынан босатылады, символдық функция алады. Қазіргі өнерде инсталляциямен қатар инвайронмент деген де технология бар [3, 71 б]. Мүсіндік бейнесін мәңгі есте қалдыруға арналған өлім мен өмір арпалысы бостандық үшін өмірге бас тіккен мәрт шешім. Жауына қыранша сорғалаған қимастық батыр ұлының қырағы қабағынан айқын аңғарылады. Ескерткіштің өн бойы ширыққан қуат, шалт қимылға толы. Ескерткіш – өткен күнге деген үлкен құрметтің белгісі. Мүсін классикалық мәнерге жасалған. Батырдың мінез-құлқын көрсете білген [4, 48 б]. Суретте жоңғарларға қарсы шайқасқан салт атты қазақ жауынгері бейнеленген. Өнертанушылар бұл шығарманы тікелей антикалық пластика жанры деп санайды. Олар бұл дербес туындыда салт атты бейнесі дұрыс таңдалғанын айтады. Бірақ халық жадында мәңгі қалатын оқиғалар болады, олар естен кетпейді. Жоңғарларға қарсы соғыс - дәл осындай оқиға болып табылады.

Шығармада салт аттылығының еркін адам екендігі және қуаты мен өмірі бейнеленген. Салт атты адам өзіне сенімділігімен, сонымен қатар мүсіннің қарапайымдылығымен, айқындығымен ерекшеленеді. Онда қарама-қайшы ештеңе жоқ. Әрбір бөлшек ерлікті білдіріп тұр, қарсылас алдындағы батырлық пен батылдықты көрсетеді. Мүсінші мүсіннің мінсіз мәнерлілігіне жету үшін антикалық пропорцияны бұрмалауға саналы түрде барды. Салт атты қарама-қарсы бірліктермен салынған, ішкі бөлшектері қарама-қарсы қойылған, бірақ соған қарамастан оның гармоникалық шешімін таба білген. Бұл көркем кескіндеменің ішкі қарама-қайшылықтары символдармен берілген, ал

монументалды кескін пластикасында ашық көрсетілген.

Шығарманың композициясы мен бейнесін түсіну, ең алдымен, көрінген қарама-қайшылықтардың мағынасын түсіну. Оларға ең алдымен, қозғалыс пен тыныштық жатады. Осы екі бастау салт атты бейнесінде біріктірілген, бастапқы фигура қарқынды динамикаға толы. Салт атты шабандоз өз бейнесі арқылы елге тыныштық сыйлайды. Қозғалыс пен тыныштықтың пластикалық бірлігі мүсіндік композицияның негізінде жатыр. Бұл комбинация – қарама-қарсылық басқа тұрғыдан да ашылады. Секіруге аяқтарын көтерген жылқы бірнеше сәтке созылық күйде көрсетілген [4, 48 б]. Позаның күйі мүсін жағдайына тән. Бірақ монументалды бейнеге айналдырылған бұл сәт қарама-қарсы мағынада да қабылданады: ат пен салт атты осы позицияда қимылсыз тұрып қалғандай, үлкен мүсіннің бейнесі көрерменге салт аттының мәңгілік өмірі туралы мәлімет береді. Секіруге дайын аттың жылдам қозғалуы ешқандай қарсылықсыз орнықтылық, тұрақтылық, беріктілік сипатымен бейнеленген. Мұнда бейне сәті мәңгілікке үйлескендей, бұл қарама-қайшылық көркем бейненің барлық сапасымен қамтылған пластикалық бірлік ретінде қабылданады.

Суретшінің «Садақ тартқан салт атты адам» шығармасын өнертанымдық талдау негізгі үш бағытты қамтиды. Олар структурализм, нарратология және холизм бағыттары осы аттардағы әдістердің қалыптасуына негіз болады. Бейнелеу шығармаларын өнертанымдық талдаудағы структурализм бағыты өзіндік ерекшелігі бар бағыт. Структуралық бағыт шығарманың көркемдік ерекшелік құрылымын талдау тәсілдерінің жиынтығынан құрамдалады. Олар, салт атты шығарма құрылымы - шығарма идеясын талдау тәсілдері мен шығарма композициясын талдау тәсілдері және шығарманы орындау техникасын талдау тәсілдері болып анықталады. Осы аталған әрбір көркемдік нысан бірнеше бөліктердің жиынтығынан тұрады. Олар белгілі бір тәртіппен орналасып, белгілі заттың немесе құбылыстың тұтастық құрылымын шығарады. Туындының орындау техникасына келсек – идеялық ойды ашу, шығарманың барлық аталған көркемдік өлшем бірліктерінің бір-бірімен байланысына ерекше мән беріледі. Бейнелеу өнері шығармаларының көркемдік ерекшеліктерінің дәстүрлі өлшемдері шығарманың идеялық мазмұны, композициясы, формасы, орындау техникасына жіктеледі. Осы көрсеткіштер жинақтала келе шығарманың көркемдік ерекшеліктерінің тұтастығын құрайды.

Өнертанудағы структурализм – мүсін өнері шығармаларының барлық түрлерін, жанрларын, техникаларын, өнер шеберінің орындаушылық шеберліктерін қамтиды. Мүсіннің көркемдік ерекшеліктері - материал, эргономика, фактура, форма, безендіру сияқты бірнеше көрсеткіштермен бірігіп, көркем шығарма тұтастығын білдіреді. Көркемдік тұтастық бірнеше өрнектер, түстер, сызықтар, дақтар т.б. болып көркемдік көрсеткіштер даралықтарын сипаттайды. Осыдан келіп мүсін шығармаларын талдаудағы шығармашылық және көркемдік ерекшеліктерді талдау тәсілдерінің жиынтығы - өнертанудың структурализм әдісі деп аталады. Структурализм әдісі мүсін шығармаларын талдауға қолданылады. Бірақ мүсіннің техникалары әр түрлі болуына байланысты талдаудың структуралық құрылымы мен талдау әдістері де әр түрлі болып келеді. «Садақ тартқан салт атты» шығармасын өнертанымдық талдау негізгі үш бағытты қамтиды соның бірі холизм бағыты. Холизм гректің «холон» деген сөзінен шыққан, «тұтас», «тұтастық» деген мағынаны білдіреді.

Туындыдағы тұтастық шығарманың көркемдік ерекшеліктерін талдауға байланысты айтылады. Тұтастық бейнеленетін формаға, оның түсіне, орындалу шеберлігіне, кеңістікті иллюзиялық көрсетуіне байланысты болады. Салт атты бірнеше бөлшектердің үйлесімді жиынтығынан құрамдалады. Ал осы жеке дара өлшемдердің өзін бірнеше бөліктерге бөліп қарауға болады. Тұтастық ұстанымы әсіресе мүсін жасау үдерісі кезеңінде кең көлемде қолданыс табады. Тұтастық бөлшектердің бір - бірімен үйлесімді орналасуы. Тұтастық - белгілі нысанның сыртқы және ішкі бөлшектерінің үйлесімді орналасуын жақтайды. Бұл сонымен қатар форма мен фонның да тұтастығын көрсетеді. Фон мен форма бірінсіз бірі болмайды. Жарық пен көлеңке де тұтастық заңдылығына құрылған. Жарық болмаса көлеңке де болмайды. Жарық түссе көлеңке пайда болады [5, 76 б].

Сондықтан да бұл туынды мықты тұтастыққа құрылғанын көруге болады. Бұл тұтастық әдісі немесе холондық әдіс деп аталады. Бейнелеу шығармаларын өнертанымдық талдаудағы негізгі үш бағыттың бірі - нарратология бағыты. Нарратология «баяндау», нарратор «баяндаушы» деген мағынаны береді. Нарратор қызметі өнертанушының өнер шығармасын қабылдау, талдау және оның мәнін көрерменге баяндап беру шеңберінде көрініс табады. Нарратология мүсін туралы баяндау немесе әңгімелеу. Бейнелеу өнерінде автор – мүсін шебері, мүсін туралы әңгімеші қызметін - нарратор атқарады. Мүсін туындысының көркемдік ерекшеліктерін талдау тәсілдерінің

қалыптасқан тәсілдер жүйесі нарратология әдісі деп аталады. Кейбір зерттеушілер нарратология өзінің қондырғысымен және бағдарымен байланысты структурализм мен рецептивтік эстетика арасындағы орынды иеленеді деп есептейді [6, 14 б]. Шын мәнінде нарратология әдісі көркемдік құрылымды талдау тәсілдерін біріктіретін құрылым.

Бейнелеу шығармаларын өнертанымдық талдаудағы структурализм, холизм және нарратология бағыттарының даму нәтижесі осы бағыттардағы әдістер мен тәсілдердің дамуына негіз болады. Структурализм әдісі бойынша - өнер шығармаларының көркемдік ерекшеліктері көркемдік өлшем бірліктерінің құрылымы ретінде қарастырылып талданады. Холизм әдісі бойынша - өнер шығармаларының көркемдік ерекшеліктерінің барлығын, тұтастай қарастырумен сипатталады. Нарратология әдісі бойынша өнертанушы өнер шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін баяндау тәсілдерін қолданумен анықталады. Өнертанудағы структурализм, холизм және нарратология әдістері өнер шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін талдау барысында өнертанушының қолданатын заманауи әдістерінің мазмұнын анықтайды.


«Садақ тартқан аттылы адам» көркемдік ерекшелік құрылымы жеке-жеке емес, тұтастықта қарастырғанда ғана көркемдік мәні толық ашылады. Мүсін шығармасын нарратологиялық талдау – өнер шығармасының әрбір көркемдік ерекшеліктерін, оның идеясын, композициясын, орындау шеберлігін, жеке-жеке баяндау болып табылады. Баяндау екі бағытта жүзеге асады. Біріншісі – шығарманың көркемдік мәні туралы баяндау болса, екіншісі – өнер шеберінің шығармашылық қызметі, оның шеберлік деңгейі, ізденімпаздығы, жаңашылдығы, даралығы, қайталанбастығы алынады.

«Садақ тартқан аттылы адам» - заманауи бейнелеу өнерінің жаңа бағытын көрсететін шығарма. Бұл бір жағынан алып қарағанда мүсін туындысы болумен қатар, екінші қырынан алып қарағанда инсталляция туындысы. Садақ тартқан аттылы жауынгер бейнесі - бабалардың ерлік дәстүрін мадақтайтын шығарма. Садақ тартқан аттылы жауынгер бейнесі - заманауи концептуалдық бағытта орындалған жоба, символдық ой қозғайтын көркем еңбек. Суретшінің шығармашылық ой жемісі. Қазақ бейнелеу өнерінің заманауи бағытта дамып келе жатқанын көрсететін туынды. Мүсін туындысының заманауи көркемдік сапасы тұрғысынан алып қарағанда өлшемдері - оның идеясы мен композициясының белгілі бір ой айтуға құрылғандығы.

**Қ. Ералин, Ғ. Ералина. Аттылы жауынгер бейнесі - символдық образ.**

---

Қорыта айтқанда, Зұлқарнай Қожамқұловтың «Садақ тартқан аттылы жауынгер» шығармашылығын өнертанымдық талдау нәтижелері шебердің туындысындағы басты көркемдік ерекшелік өлшемі - идея деп анықтауға мүмкіндік береді. Суретші Зұлқарнайдың қазіргі заманауи кеңістікті-көлемді формалы шығармашылығының ерекшелігі: біріншіден - абстракциялық кеңістікті - символдық образдар жасау арқылы адамзаттық прогресс пен адами рухы жоғары қасиеттер туралы ой айту болып айқындалады. Шығарма заманауи қазақ бейнелеу өнеріне қосылған жаңа технология ретінде қабылданады. Бұл сонымен қатар Қазақстан бейнелеу өнеріндегі жаңа бағыт болып табылады. Осынау өнердегі жаңа құбылыс Егемен еліміздің бейнелеу өнерінің әлемдік мәдениет даму үдерісімен қатар тоқтаусыз дамып келе жатқандығын дәлелдейді. Рухы мықты өнер туындысы өміршең келеді, рухы мықты ел өскелең, өресі кең болады.



3. Қожамқұловтың «Садақ тартқан аттылы жауынгер» атты туындысы.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Оңтүстік Қазақстан суретшілері. Шымкент, ОҚО Суретшілер одағы. 2002. -134 б.
2. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан. 21.11.2018
3. Бевело М. Изменение в искусстве. 2012. - 31б.
4. Қасиманов С. Қазақ халқының қолданбалы өнері. - Алматы: Қазақстан, 1986. – 240 б.
5. Ералин Қ. Этнодизайн. А.Ясауи атын. ХҚТУ. Түркістан. 2015. – 205 б.
6. Бевело М. Изменение в искусстве. 2012. - 31б.

**REFERENCES**

1. Ontústik Qazaqstan sýretshileri. Shymkent, OQO Sýretshiler odaǵy. 2002. -34 b.
2. Nazarbaev N. Uly dalanyń jeti qyry // Egemen Qazaqstan. 21.11.2018
3. Bevelo M. Izmenenie v iskýsstve. 2012. - 31b.
4. Qasımanov S. Qazaq halqynyń qoldanbaly óneri. - Almaty: Qazaqstan, 1986. - 240 b.
5. Eralın Q. Etnodızam. A.İasaýı atyn. HQTÝ. Túrkiстан. 2015.- 205b.
6. Bevelo M. Izmenenie v iskýsstve. 2012. - 31b.

**Özet**

Günümüzde Büyük Bozkır'ın görsel sanatlarında yeni yönelimler ve yeni imaj teknolojileri ortaya çıkmaktadır. Kazakistan'ın meşhur ressamı Zulhaynar Kojamkulov'un çalışmaları, anıtsal heykellerle ilişkilendirilen yeni metod özelliklerini tanımlar. Zulhaynar Kojamkulov Orta Asya ve Kazakistan sanatçıları ve sanat severler arasında bir sanat ustası olarak bilinir ve bireysellik, özgünlük, eserlerinin yeniliği ile karakterize edilir. "Sadak tartkan attılı jaunger", eseri ustanın sanatın ana kriterinin fikir olduğunu gösterir. Bu eser, modern Kazak sanatına eklenen yeni bir teknoloji olarak kabul edilir. Eserdeki savaşçının adı ve yüzü birkaç ayrıntı kümesinden oluşur, ancak sanatçıyı uyumlaştırma yeteneği ile birlikte bir kompozisyon olarak algılanır. Kompozisyonun fikri, ataların kahramanlıklarını gelecek nesillere ulaştırmaktır. Tüm bunlar, Büyük Bozkır'ın modern görsel sanatının gereklerine uygun gelişimin göstergelerinden biridir.

**Anahtar kelimeler:** Yeni teknolojiler, türev fikir, türev kompozisyon, soyutlama, anıtsal heykel

**(Eralın K., Eralina G., Binicinin İmajı - Sembolik Bir Görüntü)**

**Аннотация**

На сегодняшний день в изобразительном искусстве Великой степи появляются новые технологии. Творчество художника Зулхарнай Кожамкулова свидетельствует о том, что появилась новая технология, связанная со скульптурой в изобразительном искусстве Казахстане. Зулхарнай Кожамкулов - известный в Казахстане художник-живописец. Он широко известен как мастер искусства, среди любителей искусства, в сфере художников Средней Азии и Казахстана. Результаты творческого анализа скульптуры «Садак тартқан аттылы жауынгер» позволяют определить, что главным художественным критерием в произведении мастера является идея. Идея композиции – трансформация героического пути предков к будущим поколениям. Все это является одним из показателей развития современного визуального искусства в соответствии с требованиями современного изобразительного искусства Великой степи.

**Ключевые слова:** Новые технологии, идея произведения, композиция производная, абстракция, монументальная скульптура.

**(Eralın K., Eralina G. Образ легендарного воина с луком в изобразительном искусстве)**

**Е.Б. Ауелбеков<sup>1</sup>, Т.С. Бүркітбаев<sup>2</sup>, Г. Мамасалиева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>п.ғ.к. Қожа Ахмет Ясауи университеті, Түркістан, Қазақстан

(e-mail: agon-2005@mail.ru)

<sup>2</sup>п.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің магистранты, Шымкент, Қазақстан

**Ұлттық және түркілік дүниетанымды көркем графикада бейнелеу**

**Андатпа**

Мақалада бейнелеу өнерінің ішіндегі графика өнерінің мәні талданып, қазақ бейнелеу өнерінің түркі мәдениетіндегі алатын орны анықталады. Ұлттық салт-дәстүрлерді графика өнерінде бейнелеудің ерекшеліктері мен кейбір мазмұндық сипаты айқындалады. Ежелгі түркілердің дүниетанымдарындағы графикалық бейнелер мен символдардың мән-мағынасы қарастырылып, өзара ұқсастықтары талданады. Түркілік мәдениет пен өнердің кең саласы болып табылатын қазақ графика өнерінің мәдени-әлеуметтік және өнертанымдық мазмұнына сипаттамалар жасалады. Графика туындыларында ұлттық салт-дәстүрлерді бейнелеудің композициялық жағынан шешімдеріне, көркемдік ерекшеліктеріне түркілік дүниетанымдық тұрғысынан талдаулар жүргізіледі. Түркілік дүниетаным көріністерінің графикада штрихтау арқылы бейнелену ерекшеліктері қарастырылады. Қазақ график-суретшісі Е.Оспанұлының шығармаларындағы ұлттық салт-дәстүрлерді көркем бейнелеу ерекшеліктері және оның шығармашылығының түркілік дүниетаныммен астасып жату белгілері талданып, сараланады. Қазіргі заманауи графика шығармаларында түркілік дәстүрлерді бейнелеу өзара интеграцияланған дүниетанымдық түсініктерді эстетикалық тұрғыдан сезінуге әсер ету мүмкіндіктері анықталып, қорытындылар жасалады.

**Кілт сөздер:** Бейнелеу өнері, графика өнері, түркі дүниесі мен мәдениеті, түркілік дүниетаным, ұлттық салт-дәстүр, ою-өрнектер, көркем графика.

**E.B. Auelbekov, T.S. Burkitbaev, G. Mamasaliyeva**  
**Image of the National and the Turkic World View in the Artistic**  
**Graphics**

**Abstract**

This article analyzes the meaning of graphic art in visual arts and determines the place of Kazakh art in Turkic culture. More clearly defined features of the image of national customs and traditions in the art of graphics and its some meaningful aspects. The meanings of graphic images and symbols in the



worldview of the ancient Turks are considered and their mutual similarities are analyzed. The socio-cultural and art history content of Kazakh graphic art as one of the influential spheres of Turkic culture and art is explained. Analyzes of compositional solutions, artistic features of the image of national customs and traditions based on the Turkic worldview are given. The features of the image etudes of the Turkic world outlook in the graphics on the technique of hatching are considered. The features of the artistic depiction of national customs and traditions are described in the works of the Kazakh graphic artist Eraly Ospanuly and the interrelation of his work with the Turkic worldview. The possibilities of impact are determined by aesthetically felt inter-integrated philosophical concepts when depicting the Turkic traditions in the work of modern graphics and some conclusions are made.

**Keywords:** Fine art, art of graphics, world and culture of the Turks, Turkic worldview, national customs and traditions, ornaments, artistic graphics

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасына [1, 1 б.] және соның жалғасы есебіндегі «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласына сәйкес халқымыздың өнерін, мәдени құндылықтарын насихаттап, жастарға рухани тәрбие беруді арттыра түсу үшін жас ұрпақты терең тамырымыздан нәр алдыра отырып, елімізде руханиятқа ерекше ден қою, халқымыздың сан ғасырлық мәдениеті мен өнерін жандандыру міндеттері қойылды. Елбасы өз мақаласында: «Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы». Бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің әр түкпіріне тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елеулі үлес қосты», - деп түркілік мәдениеттің рухани жаңғырудағы маңыздылығын көрсетіп берді [2, 1 б.].

Түркі дүниесінде, Қазақстанда графика кеңінен тараған бейнелеу өнерінің алғашқы түрі болды, ал бейнелеу өнерінің жеке дербес түрі ретінде ол елімізде ХХ ғасырдың басында пайда болып дами бастады. Бейнелеу өнерінің даму тарихында ежелгі адамдардың көмір және үшкір таспен алғашқы суреттер салғандығы белгілі. Көмірмен салынған суретті үшкір таспен қашап, бояулармен бояған. Қазақ жеріндегі ежелгі бейнелердің тастың бетіндегі бізге жеткен кескіндері Қазақстан төңірегінде көптеп кезігеді. Көптеген түркі халықтарының, әсіресе қазақ халқының ежелден мал шаруашылығымен айналысуының нәтижесінде ер қанаты - жылқының, байлық белгісі – қойдың, батылдық пен қайсарлықтың белгісі - жолбарыстың т.б. бейнелері тастан қашалып, бейнелеу өнерінің,

соның ішінде графиканың мықты ескерткіштері ретінде бізге жетіп отыр.

Қазақ бейнелеу өнерінің, соның ішінде графиканың да дамуы қазақ өмірінің салт-дәстүрі, тұрмысы, әдет-ғұрпы мен шаруашылығына байланысты өрбіді. Қазақстан бейнелеу өнерінің тарихында ертедегі жартастардағы бейнелерде халықтық тұрмыс салт-дәстүрлер ерекше орын алады. Сол себепті қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнеріне керекті материалдар халықтың тұрмысы мен шаруашылығына, өмір-тіршілігіне тікелей байланысты болды. Қазақтың сан алуан ою-өрнектері де малға, өсімдіктерге немесе қоршаған ортадағы құбылыстарға қатысты болып келген. Әсіресе бұғы мен қошқар мүйіз, түйетабан ою-өрнектері халық өнеріне кіретін негізгі символдық белгілер болып табылады [3, 24 б.]. Түркі дүниесінде ерекше орны алатын сақ дәуірінің Қазақстан жеріндегі табылған ескерткіштері осындай символдар мен стильдерге бай. Сақ дәуірінің алғашқы кезеңінде аңдар бейнесі реалдық шындыққа жақын болып келді. Аңдар бейнесі, олардың мүйіздері, басқан іздері т.б. біртіндеп ою-өрнекті туындатушы, стильдеуші түрткіге айналды. Тау ешкісін, арқарды, бұғыны, жыртқыш аңдарды қозғалыссыз қалпында бейнелеу белгілері түркі мәдениетіндегі сақ өнерінің архаикалық кезеңіне тән құбылыс болып табылады. Ашоты түбіндегі Есік қорғанынан, Тарбағатай жеріндегі Шілікті өңірінен табылған алтын киімді адамдар – Андронов стилінің жарқын ескерткіштерінің бірегейлері. Алтын адамның бас киімінен бастап кеудесі, жағасы, белбеуі, киімдерінің көптеген бөлшектерінде жолбарыс, жылқы пырағы - қанатты тұлпар, құс қанаты көріністері оюланып, әшекейленіп, түгелдей алтыннан жасалынғандығы бүкіл әлемді таң қалдыруда. Осы киімдердегі нақыштар мен белгілер Қазақстанның қазіргі мемлекеттік символдарында да бейнеленген. Түрік қағанаты кезінде тас пен сүйекті өңдеу, оюды жасау, келтіру өнері дамудың жоғары дәрежесіне көтерілді. Сол кездегі тас ою өнері екі түрге бөлінді: біріншісінде тас бетіне сызық түрінде ою арқылы бейнелер салынса, екінші түрінде көлемді мүсін ретінде жасалынды. Сол замандағы көлемді ескерткіштер, яғни тастан жасалған адам мүсіндері ерекше дамыды. Бұл мүсіндер Орталық Қазақстанда және Жетісу өңірінде көптеп сақталған. Мүсіндер бойында киімдердің бөлшектері, қару-жарақтар, бас киімі, белдік, әйелдердің сырға, білезік т.б. безендірулері, сондай-ақ музыка аспаптары айқын сомдалған. Қорыта айтқанда, Қазақстан жерінде дамыған бейнелеу өнері көркем мәдениеттің бастауы ғана

болып қоймай, қазақ жеріндегі бейнелеу өнерінің, сол сияқты графика өнерінің де алғашқы қалыптасу кезеңіне жол ашты [4, 32 б.].

Графика өнері - бейнелеу өнерінің бір түрі. Қазақ графика өнерінің бастауы тас дәуірі мен ата-бабаларымыздың рухына табынуға барып тіреледі. Жартастарға салынған сызықтық суреттер Балқаш, Түркістан, Маңғыстау т.б. өлкелерінен табылған. Бейнелеу өнеріндегі графикалық құралдардың ең көп тараған түрі - ою-өрнектерді бейнелеу. Ә. Марғұланның, Қ. Ақышевтың т.б. ғалымдардың еңбектерінде қола дәуіріндегі бұйымдарда бейнеленген белгілер мен таңбалардың XVII-XIX ғ. қазақ халқының қолөнерінде кездесетін ою-өрнектерге өте ұқсас екендігі дәлелденген. Сол сияқты Ө. Жәнібеков аспан әлеміне байланысты ою-өрнектерді зерттеп, түркі дүниесіндегі сақ дәуірінен келе жатқан дөңгелек, төрт құлақ, қосу, шимай ою-өрнектің пайда болуына негіздеме беріп, шеңбердің - әлемдік кеңістікті, төрт құлақ - төрт құбыланы, шимайдың - тынымсыз қозғалысты білдіретіндігін т.б. анықтады (сурет-1).



Сурет-1. Түркі дүниесіндегі сақ дәуірінің кейбір ою-өрнектері.

Түркі халықтарының ішінде қазақ халқында шимай өрнегі өмірдің дамуын анықтап, оның ала түсті болуын қара қылды қақ жарған ақ әділеттің белгісімен және күн мен түннің тоқтаусыз алмасып отыруымен теңеді. Осыларға сәйкес кейбір белгілер мен символдарды қолданудың мағынасын беруге болады: шеңбер – ақыл, оның айналмалы болуы - ойлау; тіршілік - от ұшқыны; үш бұрыштың белгісі, катеттері - жер мен күн, сүйір бұрышы – жұлдыз; Абай үшкілі - қайрат, ақыл, жүрек; ғаламда: ауа, күн, су - тіршіліктің көзі; дүниені құраушы

тектер - от, жел, су, жер, аспан, яғни дененің қатты, сұйық, тас, плазма күйі т.б. [5, 48 б.].

Қазақта суды символдық белгі ретінде ирек сызықтармен бейнелеген, яғни сусыз тіршіліктің жоқ екендігін, дүниенің төрт бұрышын су қоршап тұрғандығын бейнелеп, қолданған үй бұйымдарының, киімдердің шетін иректен әшекейлеп отырған. Осылайша «су» өрнегі ұлттық сәндік өнерімізде кеңінен қолданылып, дүниені түсінудің бір элементі ретінде қабылданды. Қазақ халқының мал шаруашылығымен шұғылданып, көшпелі өмір салтын құруы барлық қазақ ою-өрнектерінің мазмұнында көрсетілген. Әйгілі «Қошқар мүйіз» оюының нақты қошқардың мүйізінің бейнесін анықтап, қазақ ой-тұжырымында байлық-берекенің, дәулет пен ырыстың белгісін білдіруі де осының дәлелі деп қабылдауға болады.

Көне түркі халықтарының ой-түсінігінде судың белгісі балық, көктің белгісі құс, жердің белгісі ағаш болса, өз тіршіліктерінде қолданатын бұйымдарда құс тұмсығы, жануарлар мүйіздері, тұяқтары, ит құйрығы, өсімдіктердің саналуан түрлері орнымен және кеңінен қолданылып отырған. Мәселен, **төртқұлақ** ою-өрнегі ортасы жіліншік өрнегі тектес болып келген, төрт тармағына мүйіз өрнегі қондырылған ең көне түркілік графикалық ою-өрнек түрінің біріне жатады. Бұл өрнек төрт құбыланы тең көрген, тіршілікті даламен гармонияда, тепе-теңдікте өмір сүруді жөн көрген ежелгі түркі дүниетанымын айғақтай түседі (сурет-2).



Сурет-2. Төртқұлақ ою-өрнегі

Т.Х. Ғабитов көшпелілердің тарихи санасы уақыт пен кеңістік категориялары арқылы аңғарылып, олар әлемнің төртбұрышты горизонтальды моделін жасағандығын жазады да: «Ол күннің айналымына байланысты, Күншығыс-Күнбатыс, Күнгей-Теріскейге бөлінді. Жыраулар поэзиясында жиі кездесетін «Сегіз қиыр шартарап»

дейтін тіркес осы модель көрінісі. Мұның бәрі уақыт категориясын айқындау үшін негізделген көзқарас еді. Көшпелілер Күн айналымынан қалмай отырды. Күн қайда болса, олар да сол маңда көрінді. Біз бұдан олардың уақытты бір шеңберге қамап, қоймен қоса айдап отырғанын көреміз. Міне, осы шеңбер – Күн айналымының шеңбері – көшпелілерді тынымсыз ізденісте болған отырықшы елдерден мәңгіге бөліп тастады. Түркілер шеңбер ішінде қалды да, басқа халықтарды шеңбер сыртына шығарып тастады. Өйткені, олар өздерін Уақыттан жоғары санады. Отырықшылар өздеріне Уақыт көрінісі ретінде қараса, көшпелілер өзін кеңістік қорғаушысымыз деп есептеді. Кеңістікті кеңінен кешкендей, Уақыттан да өте шыққысы келді. Бұл – Жер мен Көктің тепе-теңдігі және күн айналымына негізделген Мәңгілік идеясының көрінісі еді. Бұл біздің заманымызға дейін сол қалпында жеткен христиан, ислам, буддизм, зороастризм іспетті ерекше дүниетаным, жүйелі ой ағымы», - деп түркілер дүниетанымының ерекшелігін көрсетеді [6, 175 б.].

Графиканың көркемдік ерекшелігі ол бейненің ауқымды және мазмұнды шығуына, көркем құралының ерекшелігіне, сызықтар мен дақтардың түрлі болуында, жұмыстың алуан түрлі көрінуінде болып табылады. Графиканың көркемдік ерекшелігін анықтау барысында «Көркем» деген сөз көркемдік сөзімен астасып өнердің сапасы мен оны жасайтын шығармашылықты анықтайтын маңызды ұғым болып табылады. Өнерде әрдайым көркем, әсем, сәнді туынды, шығарма жазылуға, салынуға тиіс. Ал әсемдіктің өнерге тән ерекше түрін ажыратуға көркемдік ұғымы көмекке келеді, көркемдік неғұрлым жоғары болса, соғұрлым өнер шығармашылығының маңызы, сапасы, мәні арта түседі. Өнердегі көркемдік өмірді шынайы бейнелеуді талап ететіндіктен, шындықты бұрмалауды көркемдік көтермейді, сондықтан өнердегі көркемдік қоғамның дамып отырған талабына жауап беріп отыруы қажет. Яғни, өнерге тән жағымдылық пен шынайылық көркемдіктің негізі болып табылады. Көркемдік өнердің барлық жақтарын қамтиды, шығарманың тақырыбы мен идеясы, сюжеті мен композициясы, тілі мен әдісі – осының бәрі көркемдік заңына бағынады. Олар жеке алғанда ойға орамды, сезімге жайлы келіп, гармониялық бірлестікте шығармаға нәр береді, оны тартымды етеді, көркем дүниеге айналдырады. Сол сияқты графикалық шығарманың да мазмұны мен түрінің бірлестікте болуы көркемдік заңына бағынуы тиіс. Осылардың негізінде, көркемдік заңына бағынған көркемөнер шығармаларының мәдени-әлеуметтік мәнін де ұмытпағанымыз дұрыс.

Мәселен, түркі халықтарының сан ғасырлық интеграцияланған білімі мен өнері, мәдениеті мен дүниетанымы мәдени-әлеуметтік эстетикалық аспектілерге тікелей байланысты дамып отырады. Осы орайда, мәдени-әлеуметтік мәні бар мәселелерді көркемөнер шығармалары арқылы түсіндіруді Burcu Gulay Guney мен Nayati Şeker ұсынады. Олар өз еңбектерінде құндылықтарды оқытудың ғылымға үйретудегі қажеттілігін айқындай отырып, бейнелеу өнері шығармалары арқылы ғылыми білім берудегі эстетикалық аспектілердің маңыздылығын ашып көрсетеді [7]. Бұл жерде мәдени-әлеуметтік мәні бар өнер шығармалары ретінде ұлттық өнер құндылықтары болып табылатын графика шығармаларын қарастырсақ, осы туындылар негізінде қазақ халқының салт-дәстүрлерін біле отырып бүкіл түркі дүниесіндегі мәдениет, дәстүр, дүниетаным қойнауынан нәр алуға жол ашылады деп тұжырымдауға болады.

Көркемөнерде график-суретші өзінің графикалық шығармасының идеясын және философиялық маңыздылығын сыншы көрерменге жеткізуі тиіс. Сондықтан әрбір график-суретші табиғатындағы сезімдерін, байқампаздығын және шығармашылық ойларын, талғамын түйіндей білуі қажет. Суретші графиктердің кәсіби шеберлігін шыңдай отырып, идеялық қабілеттілігін дамытуды ұмытпауы заңдылық болып табылады. График-суретшінің шығармашылығында штрихтау ең басты бейнелеу құралы ретінде негізгі роль ойнайтындығы да белгілі. Н.П.Бесчастнов өз еңбегінде штрихтауды ең басты бейнелеу құралына жатқызып, жақсы графика портреттерін жасау үшін сол моделдің ішкі жан дүниесіне кіре отырып, оның жеке қасиеттерін сезіну керек қажеттілігін айтады. Тек сонда ғана бейнені жасаудағы графика элементі, техника тәсілі белсенді жұмыс жасайтындығын көрсетеді [8, 100 б.]. Штрихтың қоюлығы мен жиілігі, бағыты нәрсенің қандай материалдан істелгендігі мен оның бетінің өзіне тән ерекшелігін көрсететіндей болуы керек. Штрихтаудың түрлері көлеміне және орындалу әдісіне қарай екіге бөлінеді: нүкте және сызық. Штрих дақтарының көлемін, оларды сызу санын, пішінін өзгерту арқылы фактура көрсетіледі. Графикалық сурет салудың негізгі тәсілдерінің бірі - сызық жүргізу. Осы сызықтармен негізгі пропорциялар белгіленіп, суреттің жеке бөліктері салынады. Пішіннің түрі түсетін жарыққа қарай өзгертіндіктен, сызықтың түрі де өзгереді. Мұндай сызық штрих сызық немесе кеңістік сызық деп аталады.

Графикалық шығармашылықтың жоғарғы деңгейде орындалуы графикалық шығармадағы рухани мақсаттың идеялық формамен астасып, шебер бейнеленуіне байланысты болып келеді. Қазіргі қоғамымыздағы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру барысында графика өнеріндегі ұлттық мәдениет пен өнерімізді көтеруге бағытталған сан алуан көркем шығармалар дүниеге келуде. Көркем графикалық шығармалар мен туындылардың мәні мен мазмұны жаңғыртылып, насихатталуда. Қазіргі түркі халықтарының мәдени интеграциясы жағдайында түркілік мәдениет, түркілік өнер, түркілік дүниетаным идеялары мен озық ой-пікірлері зерттеле түсуде. Осы орайда, түркі халықтарының арасындағы қазақ ұлттық салт-дәстүрін графикалық шығармалармен бейнелеудің озық нәтижелерін жүзеге асырып жүрген суретші-график Ералы Оспанұлы туындыларының орны бөлек. Оның қайталанбас графикалық шығармаларының өне бойында қазақтың ғана емес, бүкіл түркі дүниесі халықтарына тән дүниетанымдық ойлар мен көркем идеялар тоғысады. Ұлттық дәстүрлер мен салттарымызды, әдеп-ғұрыптарымызды ақ қағаз бетіне бейнелей отырып суретші халықтың менталитетін, дала психологиясына сәйкес наным-сенімдерін, ұлттық мәдениетімізге сай ой-түйсіктерімізді паш етеді. График-суретші Е.Оспанұлы өзінің «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» атты кітабына қатысты өз ойын мақсатым тек қазақ емес, қазақстандықтар түгел оқысын және мүмкін болса дүние жүзіндегі адамдар танысын, біле берсін дей келе, отырықшы елдер көп, ал көшпелі халықтар аз, сондықтан, біздің мәдениетіміз оларға өте қызық көрінетіндігін ашып көрсетеді [9, 3 б.]. Суретші Е. Оспанұлы өзінің графикалық шығармаларында ұлттық болмысқа тән әсіресе портреттік, сюжеттік графика бейнелерін шебер суреттейді. Суретші бұл портреттік, сюжеттік графика шығармаларын орындауда штрихтау графикасын кеңінен қолданады. Штрихтардың басқа сызықтардан айырмашылығы – мұның кеңістік сипаттары көбірек. Мәселен, сызықтар деп өзіндік дербес мәні бар ұзын сызықтарды айтсақ, ал штрих - қысқа сызық, әрі ол басқа штрихтармен бірлестікте ғана белгілі бір мәнге ие бола алады. Басқаша айтқанда, сызықтар пішіннің шекараларын белгілеп, олардың сұлбасын жасаса, ал штрихтар тобы пішінге көлем, өң мен рең береді. Сөйтіп, жеңіл, болар-болмас көрінетін сызықтардың көмегімен болашақ жалпы пішін, қимыл-қозғалыс, кеңістік беріледі. Мысалы, Е. Оспанұлы қазақтың «күрсақ той» деп аталатын ұмыт болып бара жатқан дәстүрін бейнелеуде әрбір бейненің мінез-құлқын, ой-өрісін беруді, қуанышпен

ортақтасуға туысқан, көрші әйелдерді шақырып жиын жасап, келінге баталарын беріп, тіл-көзден сақтауға, босанатын келіннің жағдайын жасауға алдын-ала қамдану дәстүрінің, болашақ ұрпақ тәрбиесін құрсақта жатқанда бастау қажеттілігі туралы тұжырымдардың дүниетанымдық мәнін көрсетуде графикалық штрихтау әдісін ұтымды қолдана білген (3-сурет).



Сурет-3. Е. Оспанұлы. Құрсақ той.


Белгілі педагог, профессор Л.К. Керімұлы өзінің еңбектерінде ежелгі түркілер, сақтар сияқты хұндар да ұлттық салт-дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа сақтау, ұстану мақсатында ауқымды тәрбиелік маңызы бар рәсімдерді ұйымдастырып отырғандығын жазады. Ғалым сол сияқты сақтар да ұл бала үш-бес жасқа толғанда «тоқым қағар» ғұрпын жасап, жеті жасқа толғанда ат жарысқа қатыстырғандығын айта келе, осындай жағдайлардың арқасында түркі халықтарының балалары ат құлағында ойнағандығын айқындап көрсетеді. Геродоттың жазғанындай, сақтар мен хұндар 5 жастан бастап 25 жас аралығында жасөспірімдерді үш басты қасиеттерге: салт атқа міну, садақ ату және сөзде тұруға үйреткен деп ежелгі түркі халықтарының тәрбиесінің мәнін түйіндейді [10, 39 б.].

Е.Оспанұлының эпикалық жанрдағы графикалық туындыларында да ежелгі түркілерге тән өр мінез, жаужүректілік пен қайсарлық негізіндегі дүниетанымдық көріністер ерекше нақыштағы сюжетте асқан шеберлікпен графикалық тәсілмен бейнеленген (4-сурет).

Қорыта келгенде, ұлттық нақыштар мен сюжеттерге бай, халықтық салт-дәстүрді бейнелеуге бағытталған графикалық



туындыларда ежелгі түркі мәдениетінің, салт-дәстүрінің нақыштарын бейнелеуде бейнелеу өнерінің кең тараған саласы – графика өнерінің алатын орны ерекше. Қазақ ұлттық салт-дәстүрлерді графикалық бейнелер арқылы сомдау көптеген суретшілер туындыларында, сол сияқты график-суретші Ералы Оспанұлы шығармашылығында анық байқалады. Бұл өз кезегінде суретші шығармаларындағы түркілік дүниетаным, наным-сенімдерді түсініп, пайымдауға мүмкіндіктер береді. Ерте заманнан бергі біздің қазіргі кезеңдерге жеткен түркі дүниесінің келер ұрпаққа берер мәдени, рухани, дүниетанымдық, тәрбиелік мұралары жетерлік. Ендігі жерде осы құндылықтарды одан әрі насихаттап, халқымыздың әсіресе жастардың кең көлемдегі рухани жаңғыру мүмкіндіктеріне ие болуға септігін тигізу міндеттері мен шараларын арттыру қажет.



4-сурет. Е. Оспанұлы. Графикалық эпикалық композиция.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. Астана. 12 сәуір, 2017.
2. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы Даланың жеті қыры» // Егемен Қазақстан. Астана, 21 қараша, 2018.
3. Ералин Қ., Айменов Ж. Кеңістік көріністерін бейнелеу. - Түркістан. ХҚТУ баспаханасы. -2006. -76 б.
4. Құдабаева Қ.І. Сәндік-қолданбалы өнерді оқыту теориясы мен технологиясы. -Қарағанды. Санат-полиграфия. ҚарМУ. -2005. -110 б.
